

# АҚМЕШІТ

## ЖАСТАРЫ

Қызылорда облыстық жастар газеті



Газет 2013 жылдың  
қыркүйек айынан бастап шығады

Бедерлі ұлттық киім, бекзада көйп, үйлесімді би, салтанатты қадам. Бұл – Сыр бойына алғаш келген түркиялық «Сеймендер ұлттық ұйымының» көрінісі. «Қорқыт және Ұлы Дала сазы» атты дәстүрлі фольклорлық музыкалық өнер фестивалі аясында бой көрсеткен қонақтар қос елдің мәдениетін дәстүрмен тоғыстырды. Би мен салтанатты шерудің қосындысын құралған көрсетілім түркі дүниесінің ғана емес, Туран даласының – қазақ жерінің тарихымен сабақтас. «Сеймендер дәстүрі дегеніміз не?», «Оның Сыр өңіріне нендей қатысы бар?», «Түркі әлемін жақындастыруға көмегі қандай?» деген сауалды ұйым төрағасы Гюркан Маденға қойған едік.

### «ҰЛЫ САПАРДАН ҚАЛҒАН ІЗ»

«Түріктердің Туран даласынан Анадолы жеріне үдере көшуі дәстүр мен салт-сананы өзгертті. Сеймендер көрсетілімі сол тарихтан қалған із. Ежелде жорықтан жеңіспен оралған әскер қалаға кірерде салтанатты шеру өткен. Ережеге сәйкес, әскердің алдыңғы шебінде сәнді киініп, сырнайлатып, бимен көмкеру сеймендер тобына жүктелген екен. Сеймендер арнайы ұлттық киім, мерейлі бимен ерекшелену арқылы әскерді соңына ілестіріп, халықты қақ жарып өткен. Сеймендердің ұлттық киімі ерекше. Сырт көзге тек салтанатты шара киімі болып көрінгенімен, қолайлы әрі тиімді функциясы көп. Киімнің алдында 8 қатар қалта бар. 4-еуі – жабық, қалғаны – ашық. Ашық қалтаға қару-жарақ салса, жабық қалтаға қажетті тұрмыстық заттарды салуға болады.

Бір ескерлерлігі, сейменизм тек көрсетілім емес. Ол – құндылықты сақтау, биге икем, табиғат пен Отанды сүю. Осы аталған қасиет-қарым болғанда ғана сеймен атануға мүмкіндік бар. Оған қоса қарапайым өмірде сеймендер қала сақшысы қызметін атқарған. Сондықтан желік қуған топ емес, жүйелі құрылым деп қабылдаған жөн.

### «ҚАЗАҚПЕН БАЙЛАНЫС БАСЫМ»

«Түріктердің түгел биінің түбі – Туран. Себебі, түркі әлемінің қалыптасуы, ұлттарға бөлінуі өзара байланыс нәтижесінде орын алды. Сеймен өнерінде қолданылатын би элементтерінің түркі халықтарында кездесуі сөзсіздігі айғағы. Әсіресе, қазақ ұлттық би өнеріндегі қимыл мен ишараның сеймендер биімен байланысы басым.

Осы орайда қазақтың мадақ жыр, жеңіс тойлау мәдениетін атап өткім келеді. Қазақ халқында да сеймендер секілді сауықшыл топтар болғанын білеміз. Олар батырлар ерлігін ән-күйге қосып жеткізіп, ерлікті әспеттеген. Тіпті, жаугершілік кезеңде өнерпаздар жауға қарсы тұрып, ерлік пен өнерді қатар алып жүрді. Сондықтан сеймен мен қазақ ақын-жазушылары рухани туыс дер едім. Сыр елінде өтіп жатқан «Қорқыт және Ұлы Дала сазы» атты өнер фестиваліне келуіміздің басты мақсаты – осы байланысты нығайту, ұлтаралық ынтымақты күшейту. Егер сеймен өнері мен Туран даласының байланысын өнер арқылы жеткізе алсақ, арманымыздың орындалғаны.

### «БАЛА КЕЗІМНЕН БАҚҚАН ӨНЕР»

«Ұлттық дәстүрді сақтау үшін ежелгі ойын, би, ән-күйді жаңғырту маңызды. Түрік тарихындағы аласпыран кезеңде сеймен дәстүрінен айырыла жаздадық. Тек 1919 жылы Мұстафа Кемал Ататүрік арнайы жарлығымен бұл дәстүр қайта жаңғырды. Алғашында үйірме іспетті қалыпты басталған қадам кейін құрамында 4 мүше мүшесі бар ұйым дәрежесіне көтерілді.

Мен де бала кезден сеймен өнеріне қызығып, үйренуге талпындым. 1980 жылы Куртулуш қаласындағы орта мектепте осы өнермен алғаш танысқаным есімде. Үміт Аслан есімді ұстазымын қолдауымен «Сеймендердің Анкара ұйымына» мүше болдым. Содан бері ұйым мүшелерімен үздіксіз дайындалып, әрі шәкірт дайындап келемін. Қазіргі таңда ұйымның жетекшісімін. Болашақта сеймен

өнері арқылы түркі әлемінің бірлігі артып, байланысын нығайту жалғаса бермек.

Ерсін ШАМШАДИН

Сеймендер Дәстүрі дегеніміз не?



Сыйлықты табыстау шарасына қатысқан «Сыр медиа» ЖШС Бас директорының орынбасары Айжан Абдуллаева келер жылы 95 жылдығын атап өтетін аймақтың ата басылымы заман көшінен қалмай, ақпарат саласында айшықты орнын қалыптастырғанын және бұл жеңіс Сырдағы шығармашылық ұжымның ұзақ жылдық қажырлы еңбегінің нәтижесі екенін айтты.

– Облыстық «Сыр бойы» газетінің қазақ журналистикасындағы шоқтығы биік ұлттық сыйлығына лайық болғанына, «Үздік өңірлік БАҚ» номинациясын иеленгеніне өте қуаныштымыз. Бүгінгідей ақпараттық технологиялардың жылдам қарқынмен даму кезеңінде және тенденциялардың көз ілеспес жылдамдықпен даму кезеңінде газет шығаруға күш-жігер тауып отырған әріптестеріміз бұл үлкен жеңісі жөне жаңа жүзжылдық қарсаңындағы әріптестеріме берілген үлкен баға, үлкен шабыттың көзі деп санаймын. «Urker-2023» ұлттық сыйлығы биыл 12 номинация бойынша үздіктерді іріктеген еді. Байқауға баспа, радио, интернет-журналистика саласында қызмет етіп жүрген журналистерден барлығы 450 өтінім, солардың ішінде



## «СЫР БОЙЫ» ҮЗДІК АТАНДЫ

Мемлекет үшін бұқаралық ақпарат құралдарының орны бөлек. Қазіргі кезең қарулы емес, ақпарат майданы екенін ескерсек, төртінші биліктің қоғамды алға сүйреуде орны өзгеше. Бүгінде жүйелі шаралар қолға алынып жатыр. Бар күш-жігерін ел ертеңіне арнаған мамандық иелеріне қолдау, ынталандыру шаралары да жүйелі. Редакцияға леп беріп, жұмысын жандандыруға септігін тигізетін байқаулар соның қатарында. Ал, «Медиа дамыту қорының» бастамасымен өтетін «Үркер» сыйлығының қаламды серік еткен жандар үшін орны тіпті бөлек. Жақында ұлттық сыйлықты облыстың ата басылымы – «Сыр бойы» газетінің иеленуі мәртебені арттырып, мерейімізді тасытты.

Бәрекелді!

ең көбі «Әлеуметтік тақырыптағы үздік материал», «Жылдың үздік сұхбаты», «Үздік өңірлік БАҚ», «Жылдың үздік аналитикалық материалы» және «Жылдың үздік репортажы» номинациялары бойынша түскен. Үздік жұмыстарды құрамында беделді журналистер, медиаменеджерлері бар қазылар алқасы анықтады, – деді А.Жұмабекқызы.

Міржақып Дулатұлының «Қай жұрттың баспасөзі мықты болса, сол елдің өзі де күшті» деген тұжырымы әлі де өзекті. Бүгінгідей әлеуметтік желі, интернетте жалған ақпарат көбейіп кеткен тұста әрбір ақпаратты сүзгін өткізіп, оқырманға нақты ақпарат, мазмұнды дүние ұсынуға асығатын «Сыр бойы» ұжымының еңбегін дүйім жұрт біледі. Жүйріктерді даралап, журналистерді желпінтетін байқауда озық шыққанына да мыңдаған оқырман дән риза.

А.СНАДИН



## ИНВЕТОР МЕН ТРЕЙДЕР ЖАҰЫНДА ТЕРІС ПІКІР КӨП

Табыс табу – бүгінгі заманның талабы. Жақсы өмір сүру үшін жалақы да аздық ететінін бәрі біледі. Шығынды азайтып, кіріс көлемін арттыру үшін табыс та тұрақты әрі жоғары болуы тиіс. Ал трейдинг – ақшаны айналымға салып, екі есе өндіруге таптырмаз мүмкіндік. Бұл туралы трейдер Талғат Қасымбековпен әңгіме өрбіткен едік.

– Банкте 15 жыл қызмет атқарғаныңыз белгілі. Бұл тәжірибе трейдинг саласын меңгеруге ықпал етті ме?

– Еңбек өтілін есепке алмасақ та трейдингте кез келген адамның меңгеруге мүмкіндігі мол. Тек осы саланың қыр-сырын білетін, бүге-шүгесіне дайын үйрететін тәжірибелі маманнан сабақ алған дұрыс. Сондай-ақ күнделікті айналысу – трейдингті түпкілікті түсінуге ықпал етеді. Әрине, банкте жұмыс істегенімнің тиімді тұсы да бар. Компаниялардың есеп-кісабын, қаржылық айналымын тексеруге көмегі тиді. Өйткені бақылау жүргізіп, анализ жасауға, деректі сана сүзгісінде саралауға да сауаттылық керек.

– Инвестор мен трейдер жайында теріс пікір көп. Содан болар құмар ойынмен бірдей көреді жұрт. Жалпы трейдингтің тиімділігіне тоқталсаңыз...

– Трейдинг – қарапайым сауда түрі. Мұны құмар ойынмен салыстыру қате. «Қанағат қарын тойдырады» дейді. Демек, қай уа-

қытта да адам ашкөздіктен аулақ болғаны жөн. Трейдингте де дәл солай. Тапқан табысты місе тұтып, өз ретімен жұмысты жүйелі жүргізу керек. Бұл тікелей мінез-құлқымен байланысты. Мәселе қаржыға кеп тірелгенде өзіне сенім, психологиялық тұрақтылық болғаны маңызды. Қызу-қандылық еңбекті зая кетіреді.

Әдіс-тәсілімен әрекет еткенде берекесі де болатыны белгілі. Қандай да бір компания акциясының бағасы түскен жағдайда төмен бағаға сатып алып, кейін қымбат бағаға сатып, пайда көре алады. Тіпті компанияның бағасы бірде өсіп, бірде арзанда да ақша табуға мүмкіндік бар. Мұны «шорт позиция» деп атайды. Яғни, баға жоғары өскенде брокерден акцияны қарызға алып, қайта сатып және баға түскенде де сатып алып, кіріс көлемін ұлғайтуға болады.

Инвестиция – құнды қағаздарды арзан кезінде сатып алып, ұзақ жылдарға сақтап, баға қымбаттағанда қайта сатып, пайдасын көру. Сонымен қатар дивиденд төлейтін ком-

паниялардың акциясын алу арқылы қосымша табыс түсіруге де болады.

– Капитал күшін жоймағанда ғана инвестор игілігін көреді. Демек, асығыстық әрқаз пайдасы бола бермейді. Теориялық базаның қажеттілігі туралы не дейсіз?

– Трейдер акция сатып аларда компанияны толықтай зерттеп, фундаменталдық анализ жасайды. Компанияның қаржылық айналымын, ішкі-сыртқы қарызын, қандай жаңалық барын тиянақты тексеруі қажет. Одан кейін техникалық анализ жасалады. «Акция бағасы қандай трендте тұр?», «Қарсылық жөне қолдау зонасы қандай?» деген сұрақтардың жауабын зерттеп, қосымша индикаторды пайдаланып, нақты акцияны алатын бағаны анықтайды. Осының бәрін мұқият зерделеу маңызды.

– Демек, акция сатып алу стратегиясының осал болуы сүрінуге себеп. Қолдағы қаржыдан қағылмас үшін нендей қателік жібермеу керек?

– «Өзім үйренемін» деген адам уақытынан ұтылып, қаражатты жоғалтады. Акция сатып алудың өзінде мән беретін мәселе көп. Әр тапқа тиянақты жасалғанда ғана табысқа жету оңай болмақ. Қателік жібермеудегі қағида – білімді жетілдіру.

– Жастар «өзі би, өзі қожа» болғысы келеді. Қомақты қаржы табу үшін өзгенің қарамағында жүруді құп көрмейді. Қалай ойлайсыз, трейдинг тұрақты табыс көзі бола ала ма?

– Әрине. Іскер адам барлық бастаманы ұрысқаша иіріп әкетеді. Трейдинг – табыс көзі. Тек тәсілін біліп, меңгеру керек. Бұған қатаң жұмыс режимі де керек емес. Қолда желіге жақсы қосылған ноутбук болса, қалаған жерде жүріп қаражат таба алады.

Сұхбаттасқан  
Замира ҚОНЫСЖАН

ЖАСТАР ШЕТЕЛДЕ НЕ ІЗДЕП ЖҰР?

Қазақстаннан кеткен әр үшінші адам – жоғары білімді, әр төртіншісі – орта білімді. Өткен жылы 8 мыңға жуық ел азаматы жұмыс іздеу мақсатында шекара асқан. Олардың басым бөлігі – 18 бен 35 жас аралығындағы азаматтар. Ұлттық статистика бюросының дерегіне, 2021 жылы 8436 адам кеткен, яғни «жайлы өмір» іздегендердің саны 1426-ға артқан.



Ал 2015-2019 жылдар аралығында (әр жылы 10 айда) 200 мыңнан астам қазақстандық өзге елге аттанған. Оған интернеттің көмегімен шетелдегі өмір жайлы кез келген мәліметті алу мүмкіндігі бірінші себеп. Содан кейін жастар екі жақтағы өмір сүру деңгейі мен табыс көзін салыстыра отырып, шешім қабылдайды. Өкінішке қарай мұндай таңдау алдында Қазақстан Батыс еркеніетіндегі елдермен бәсекелесе алмайтыны түсінікті...

### «Арқа жайлы болса, арқар ауып несі бар?»

Статистика да керемет. Себебі кей жерлерде 2022 жылғы жағдай бойынша бір ғана Оңтүстік Кореяда еліміздің 9 600 азаматы заңсыз еңбек мигранты болып жұмыс істеген деген дерек кездеседі. 2020 жылы Оңтүстік Корея аумағында заңсыз мигрант ретінде жүрген қазақстандықтардың саны 8 902 адам (2019 жылы – 10 707 адам, 2018 жылы – 11 413 адам) болды. Бірақ ресми сандар шынайы жағдайды көрсетпейді, себебі қазір Оңтүстік Кореяда 20 мыңға жуық қазақстандық жұр, оны отандастардың басын біріктіретін орталықтар растап отыр.



**Денсаулықтан асқан қадірлі дүние жоқ. Былайғы күнде қадіріне жетіп құнтаңдай қоймағанмен, басқа іс түскенде бірінші байлық үшін бар дәулетті сарп етуге даярмыз. Ағза алмастыруға тізімге тіркеліп, ұзақ жыл күтетін жандардың шарасыз күйге түсуі тіпті қынжылтады. Себебі аты аталса, үрке қарайтын қоғам үшін трансплантация мәселесі дұрыс түсіндіру жұмыстары мен сауатты насихатты қажет ететінін көрсетеді.**

Бүгінгі күні елімізде жүрек, өкпе, бауыр, бүйрек, ұйқы безі транспланттанады. Деректерді парақтасақ, 2012 жылдан бастап 2379 транспланттау жүргізілген. Ал қазір 4 мыңға жуық адам ағзасын ауыстыруға зәру, оның ішінде 2023 жылғы жағдай бойынша 109 бала тағатсыз көмек күтіп отыр. Бұл орайда Мәжіліс депутаты Гүлдара Нұрымова ішкі ағза трансплантациясына рұқсат беру туралы бастама көтерген еді. Өйткені былтыр 320 адам кезек күте амалсыз ажал құшқан. Бұл бастамаға «Транспланттауды және жоғары технологиялық медициналық қызметті үйлестіру жөніндегі республикалық орталықтың» директоры Сәуле Талғатқызы былай жауап берді. Маманның айтуынша, бүйректі ақшаға сату ДДҰ-ның адам клеткаларын, тінін және органын трансплантациялау жөніндегі нұсқауына қайшы. Атап айтқанда, 5 басқарымдық қағидатта айтылған: «Тірі донордың клеткаларын беру тек ақысыз түрде жүзеге асады. Клеткаларды, тіндерді және органдарды тірі донормен немесе қайтыс болған науқастың туыстарымен сату немесе сату туралы түсетін ұсыныстарға қатаң тыйым салыну керек. Сонымен қатар транспланттау ҚР бірқатар нормативтік құқықтық актілерімен реттелетініне көңіл аудару қажет және оны бұзу жауапкершілікке әкеледі. Қылмыстық кодекстің 116 бабына сәйкес, адам органын транспланттау немесе басқа да

мақсаттарда заңсыз алынуы, немесе мәжбүрлеп алынуы, сонымен қатар тірі адамның органына қатысты заңсыз келісім шарт жасалуы 6 жылдан бастап 10

айтарлықтай ушықтыруы мүмкін. Сонымен қатар көптеген донор бүйректі алып тастаудың кәсіби емес және қауіпті процедураларының құрбаны болуы ғажап емес, бұл ауыр асқынға, тіпті өлімге әкелуі мүмкін. Осылайша, трансплантация үшін бүйректі сатуға рұқсат беру проблема тудыруы мүмкін және ол орган тапшылығын шешудің ең тиімді жолы емес. Оның орнына

халықтың донорлық туралы хабарын арттыру, трансплантацияны ұйымдастыру жүйесін жетілдіру, сондай-ақ медицинада заманауи технологияларды қолдану сияқты басқа әдістерге назар аудару керек, – дейді Сәуле Талғатқызы.

Осы орайда тағы бір мәселенің шеті шығады. Көз жұмған адамның ішкі ағзасы бірнеше науқасқа өмір сыйлайтынын мамандар үнемі айтып жүр. Алайда марқұмның туыстары мұндай қадамға бара бермейтінін назарға алу керек. Сөйкесінше, сау ағзаға мұқтаж жандар донор көмегін бірнеше жыл күтуіне тура келеді. Біздегі орташа статистика бойынша, 5-6 жыл күтуі мүмкін. Өйткені мүрдеден донорлық жасауға біздің менталитетке байланысты бәрі келісім бермейді. Ал бұған дейін осы мәселеге қатысты бірнеше пәтуа шығарған мұфтият кейінгі кезде донорлықты құптауының насихаттады.

– Негізінде әрбір адам ағзасын басқа адамға беру арқылы соның денсаулығын, өмірін сақтап қалуға үлес қосады, ол үлкен сауапты іс болады. Демек, ислам діні адам ағзасын өзге адамға көмек ретінде беруді қолдайды. Тек, тиісті шарттарға сай келуі керек, – дейді имам Тілепберген Жәкиев. Ең бастысы, ағза сатылмайды.

Донордың келісімі немесе көз жұмған жанның туыстарының рұқсаты болу шарт. Бүгінде елімізде түрлі факторларға байланысты көптеген адамдар трансплантацияны қажет етеді. Бірақ өзгеге ағза беру мәселесі қоғам тарапынан дұрыс қолдау таппай отыр. Соңғы мәліметтер бойынша, Қазақстанда 1718 адам бүйрек, 66 адам жүрек, 565 жан бауыр алмастыруды күтіп отыр. Алайда оларға қажетті ағзаның қашан табылатыны белгісіз. Өйткені еліміздегі донор банкіде бұл ағзалар тапшы.

Екі мәрте Денсаулық сақтау министрі болған Жақсылық Досқалиев трансплантация саласы 2017 жылға дейін елде қарқынды дамыды, бірақ сол жылы үлкен шу шығып, «заңсыз ағза ауыстырды» деп айыпталған дәрігер-трансплантологтардың ісі Қазақстандағы трансплантация саласының дамуына кері әсер етті деген пікірде.

– Қазір тірі адамнан бауырдың жартысын алуға болады, екі бүйректің біреуін алуға болады. Бауырдың трансплантациясы, ол да сол 2012 жылы басталды. Мәйіттен алуға, тірі адамнан да алуға болатыны сол заңда көрсетілді. Осы тәсіл 2017 жылға дейін елде дамыды. Сол тұста екі дәрігер істі болып қалды, «тірі адамнан алады екен, ойлайтыны тек ақша» деп. Депутаттардың құлағына жетіп, заңды өзгертті де тастады. Бұрын заң бойынша, егер де адам өзінің ықыласын білдірмесе, мәйіт болғаннан кейін, ешкімнен сұрамай, ағзаны мәйіттен ала беретін еді. Заңды өзгерткеннен кейін адам тірі кезінде рұқсатын берсе де, бермесе де, ағзасын туысқандарының қолхатынсыз алуға болмайды деген заң шықты.



Осының кесірінен қазір мәйіттен жылына бір не екі ағза ғана алады. Кім жеңді бұдан? Қоғам ұтылып қалды. 4 мыңға таяу адам кезекте тұр, мұқтажы одан да көп. Оның өзі операцияға жарайды дегендегісі. Жылына екі мәйіттен ғана ағза алынатын болса, санаңыз оған қай жылы кезек келетінін. Қолданыстағы заңнаманы өзгерту қажет. Өйткені осы саладағы қыруар қаржыға алынған базалық жабдықтар мен мамандар тиісті мақсатта жұмылдырылмай келеді, – дейді хирург.

Қоғамда ағза мүшесінің донорлығына оң көзқарас қалыптастыру – денсаулық сақтау саласындағы маңызды мәселенің бірі. Сол себепті трансплантацияны үйлестірушілер бұл бағытта ауқымды ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізуді жалғастыруда. Қазақстандықтар өзі қайтыс болғаннан кейін ағза доноры болуға ықтияры бар-жоғын көзі тірісінде gov.kz порталында жазып көрсете алатынын да айту керек. 2020 жылдан бері порталда 18 мыңға жуық өтінім тіркелген екен, оның ішінде 17 мыңнан аса адам донорлықтан бас тартса, мыңға жуығы келісім берген деген дерек бар.

Айбарша СЫРЛАН



жылға дейін бас бостандығынан айырумен жазаланады.

– Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша, орган саудасы ұйымдасқан қылмыстың бір түрі және адам құқықтарының қатаң бұзылуына әкеледі. Бүйректі сатуға рұқсат беру бұл мәселені

МӘЙІТ ДАМЫМАЙ ТҰР

IMMIGRATION



Жалғасы. Басы 1-бетте

Заңсыз жүрген мигранттың жағдайы түсінікті. Еңбек құқығы қорғалмайды, заңға сүйеніп жұмыс берушіден құқығын талап ете алмайды. Салдары айтпаса да түсінікті. Мәселен, 57 жастағы қазақстандық азамат Оңтүстік Кореяға еңбек мигранты болып барып көз жұмғанда, оның денесін әкелу үшін туыстарының жылу жинап кеткені есте. Одан бөлек, сол елдегі өндіріс орындарында қолынан айырылған, басқа да жарақат алған отандастар бар. Бұған қоса Оңтүстік Кореяда қашып кеткен елдің екі азаматы жайлы жаңалықтарда шулады. Түркістандық азаматтың екеуі де қателігін мойындаған. Олар тергеу кезінде елде күнкөріс қиын екенін, отбасын асырау мақсатында Кореяға заңсыз өтпек болғанын айтқан. Отандастарымыздың бірі, яғни 2002 жылы туған Үмиджан

ЖАСТАР ШЕТЕЛДЕ НЕ ІЗДЕП ЖҮР?

киіп, әлеуметтік әділетсіздіктің зардабын тартқан қазақ жастары қазір әлемнің әр түкпірінде қара жұмыс істеуге мәжбүр. Оларды сөзге ешкімнің құқығы жоқ. Қазір сол азаматтарымыз заңдық тұрғыда мүлдем қорғансыз», – деді Н.Сәрсенғалиев.

Employment Permit System (EPS) қолданысқа қашан енеді?

Отандастардың айтуынша, құқығының қорғалмауының себебі екіжақты келісімшарт негізінде ұсынылатын Е-9 уақытша еңбек визасының берілмеуі.

Мемлекет басшысы «Бірқатар елде

Өзбекстан, Камбоджа, Бангладеш, Пәкістан, Непал, Мьянма, Қырғызстан, Шығыс Тимор, Лаос) Employment Permit System – EPS («Еңбек рұқсаттары жүйесі») – ЕРЖ) шетелдіктерді жұмысқа орналастыру жүйесіне қосылғанын білеміз. Бірақ аталған жүйеде Қазақстан жоқ.

– ҚР Үкіметінің 2017 жылғы 18 ақпандағы № 81 Қаулысының 2-тарауына сәйкес, Еңбек министрлігінің міндеттеріне жұмыспен қамту, өз құзыреті шегінде халықтың көші-қон және босқындар саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру, салааралық үйлестіруді және мемлекеттік басқаруды жүзеге асыру жүктелген. Үкімет жүргізген дипломатиялық келіссөздер нәтижесінде былтыр наурызда Корея Республикасы үкіметі Қазақстанның көптеген сұрауын ескере отырып, «Еңбекке рұқсат беру жүйесіне» (Employment Permit System (одан әрі – EPS)

Қазақстан Республикасын енгізу мәселесін қайтадан қарастырып, тиісті келіссөздерді жүргізуге дайын екенін білдірді», – деді Н.Аралбайұлы.

Депутаттың айтуынша, Корея тарапынан келіп түскен хатта Қазақстанды EPS-ге енгізуге қатысты қойылатын шарттар көрсетілген. Атап айтқанда, жұмысқа жіберу үшін тиісті инфрақұрылым мен нақты маманданған жіберуші органның болуы міндетті. Корея тарапы қажет болған жағдайда тиісті мамандарын жіберіп, әдістемелік көмек көрсетуге дайын екенін жеткізген. Бүгінге дейін екі ел арасында 7-раундтық келіссөз жүрген, бірақ әлі нәтиже жоқ. Тіпті аталған мәселелерді реттеу үшін арнайы миграция комитеті де құрылып еді. Бірақ нәтижелі жұмыс көрінбеді. Ал шетелде заңсыз еңбек мигранты ретінде көзі жаудіреп мыңдаған қазақ баласы жүр. Осыған орай депутат бірқатар ұсыныс жасады. Олар – Қазақстанды «Еңбекке рұқсат беру жүйесіне» қосу үшін тиісті іс-шаралар жоспарын нысқақтау, екі ел арасында ортақ келісім жасалғанша Оңтүстік Кореяда заңсыз еңбек мигранты болып жүрген 20 мыңға жуық қазақстандықтың құқығын қорғайтын заңды тетік табу.

«Қарны аш адам патриот болмайды»

Бұл сұрақтарға Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Көші-қон комитетінің төрағасы Асқарбек Ертаев былай жауап берді. Айтуынша, жақын арада қазақстандықтар Оңтүстік Кореяда заңды түрде жұмыс істей алады. Оңтүстік Кореяға бару алгоритмі талқыланған арнайы сауалнама толтырылды. Онда азаматтарды Кореяға сапарға дайындайтын арнайы оқу орындары бөлінбек.

«Бастысы, кем дегенде сөйлесе алуы үшін корей тілін қарапайым деңгейде білу керек. Екіншіден, оларда медициналық тексеріс үлкен маңызға ие. Бұл елде медициналық анықтама болу керек деген талап бар. Үшіншіден, жұмыс істеуге аттанбақшы адаммен нақты келісім болады. Жұмысшы еңбек шартына қол қояды. Оның құқығы қалай болады, осы азаматты жіберетін жұмыспен қамту орталығының міндеттері қандай болмақ, соның бәрі талқыланады», – деді Асқарбек Ертаев.

Мемлекеттік мекеме Түркия, БАӘ және Ұлыбританиямен де келісімге қол қойған. Онда жұмыс істеуге келген қазақстандықтардың еңбек және әлеуметтік құқықтарын сақтау бойынша Германия, Израиль және Катарда да сақталады.

Р.С. Жыл басынан бері 194 мың қазақстандық елден кетті. Оның ішінде 162 мыңға жуық адам Ресейге, 13 мыңы Польшаға, 6 мыңы Оңтүстік Кореяға, 5 мыңы Ұлыбританияға жұмыс істеуге бел бұған. Егін жинап, фермаларда қызмет ету үшін барған қазақстандықтардың қатары жыл санап артуы, жастардың ағыны жалғаса беруі мүмкін деген болжам жоқ емес. Өзге елде айына 600 мың мен миллион теңге аралығында табыс табуға болатынын естіген кім-кімнің де оған аңсары ауады. Оған жақында Ұлыбританияда қырықжастағы терумен айналысатын қазақ жігітінің «Ауылда психолог болып, тын санағанша, Англияда қырықжастағы теріп, 800 мың теңге қолға алғаным жақсы» деген сөзі дәлел.

Бүгінгідей ақпараттық технология қарыштап дамыған дәуірде кімнің қайда кеткісі келсе де өз еркі. Бірақ жастарды ұстап қалуы ойлайтын болсақ, ең әуелі әлеуметтік әділдікті бірінші орынға қою керек сияқты. Мәжіліс депутаты, танымал экономист Дәулет Мұқаев айтпақшы, «Қарны аш адам патриот болмайды»...

Мөлдір СНАДИН



Нарзуллаев жақында елге депортациямен келді. Ал, 3 күн бойы

іздеуде болып, өз еркімен берілген Нұрсұлтан Ырысбаев Оңтүстік Корея түрмесіне үш айға қамалды. Бұл елдің заңнамасы бойынша ол 15 жылға дейін бас бостандығынан айырылуы мүмкін еді. Алайда олар адвокаттардың көмегімен айыппұлмен құтылып, елге оралды. Айта кетейік, Қазақстан азаматтарының бұл әрекеті Оңтүстік Корея жұртшылығының наразылығын тудырып, осы оқиғадан кейін сол елде еңбек етіп жүрген 23 қазақстандық жұмыстан шығыпты.

Жақында «AMANAT» партиясының фракция мүшесі, депутат Нартай Сәрсенғалиев маңызды мәселені көтеріп, Оңтүстік Кореяда қазақстандықтардың заңды еңбек етуіне келіссөздер жүргізуді талап етті.

– Еңбек миграциясы қазір өте өзекті мәселеге айналды. Өзге елге жұмыс іздеп кеткен қазақстандықтардың саны мыңдап саналады. «Арқа жайлы болса, арқар ауып несі бар?» деген. Жалақыға жарымай, табақтай дипломына лайықты жұмыс таппай, қымбатшылықты қамытын

қазақстандықтар заңсыз, жасырын жұмыс істеп жатыр. Мұндай жағдайда ел азаматтары өзге елде тіркелу қиындықтары мен түрлі тұрмыстық мәселеге тап болады» деп Үкіметке мәселені шешуді тапсырған болатын. Бірақ әлі күнге дейін бұл түйткілдің түйіні тарқаған жоқ. Корея Республикасымен 16 ел (Қытай, Вьетнам, Филиппин, Таиланд, Индонезия, Шри-Ланка, Моңғолия,





– Ақерке Батырханқызы, балалық шақтан білімге құштар екеніңізді білдік...

– Кішкентайымнан түрлі шараларға қатысып, бағымды сынау қызық болып көрінетін. «Биіктен көрінсем» деп армандап, әрқашан қадамымды нық басатынымын. Ал қазір жаһандану заманында ештеңеден қалыс қалғым келмейді.

Мектепті жақсы тәмамдап, ЖОО-дағы 1 курсты үздік бағамен аяқтаған соң «академиялық ұтқырлық» бағдарламасына деген қызығушылығым артып, бұл бағытта өз бағымды сынауға бел будым. Себебі, әрбір мүмкіндік биік белестерді бағындыруға жігерлендіреді.

– Тілдік барьер қиындық туғызды ма? Студентке қаржылай көмек, университеттің оқу кредиттері қалай ыңғайластырылған?

– «Академиялық ұтқырлық» бағдарламасы бойынша университет студенттер үшін барлық мүмкіндікті

Білім – маман даярлау жолындағы басты күш. Білікті маман сапалы жұмыс істеу үшін әрқашан ізденіс үстінде болып, өз саласында жан-жақты дамуға бейімділік таныту керек. Сонымен қатар тәжірибе алмасу болашақ маманды шыңдайды, яғни теориялық білім немесе практикалық тұрғыдан дамытады. Осы екі ерекшелікті бойынша табуға болатын, студенттерге арналған мүмкіндік ұғымы «академиялық ұтқырлық» деп аталады. Өзге елде білім мен тәжірибені сабақтастыратын бағдарлама бүгінде көптеген маманның жұмыспен қамтылуына мүмкіндік сыйлап отыр. Қазіргі таңда Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің «Екі шетел тілі» мамандығының студенті Ақерке Ағыбай да оны тиімді пайдаланып, Қытай мемлекетінің Хубей жоғарғы оқу орнында тәжірибе алмасуда. Қазақстан мен Қытай арасындағы білім берудегі байланыс, ерекше тұстар жайлы сұхбатымызда.

қарастырған. Қытайлар да қазақтар сияқты қонақжай. Мұнда келгелі әр студентке жеке волонтер бөлініп, орналасуымызға көмектесті. Хубей университеті апта сайын студенттерге әр түрлі іс-шаралар ұйымдастырып, мәдениеті мен салт-дәстүрінің жаңа қырын көрсетуде.

Мамандығым ағылшын-қытай тілінің оқытушысы болғандықтан тілдік барьерге кезікпедім. Қытай тілін меңгеру деңгейімді одан әрі шыңдап, білімімді тереңдетіп жатырмын.

Ақылы оқу бөлімінде білім алғандықтан жүріп-тұру қаражатын өзім табамын. Дегенмен, Хубей университетіндегі оқу мен жатақхана тегін. Қорқыт Ата университетінде игеру керек пәндерімді онлайн түрде оқып жатырмын.

Бар-жоғы 12 кредит, қиындықсыз алып шығамын деген үміттемін.

– «Ұтқырлықтан» не ұтқыңыз келеді?

– Менің ойымша, бұл мүмкіндікте ұтысқа ие мен ғана емес. Алатын тың ақпарат пен тәжірибе бәрімізге пайдалы. Мысалы, қазір тіл үйренумен шектеліп қалмай, Қытай халқының тарихы, мәдениеті, тұрмыс-тіршілігімен танысу үстіндемін. Сонымен қатар жаңа орта, достар таптым. Түрлі үйірме, шаралар арқылы танымымның қалай кеңейіп жатқанын байқадым. Шынымды айтсам, жат елдің мамығы туған жеріңнің қара топырағындай бола алмайды. Қанша жерден көркем табиғат, жаңа технологиялар мен дамыған ел болса да, кіндік қаным тамған Жалағашымдай емес. Туған елге деген махаббатым ыстық.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Әңгімелескен Нұршат НЫШАНОВА



## ҚЫТАЙЛАР ДА ҚАЗАҚТАР СИЯҚТЫ ҚОНАҚЖАЙ



жасап, тұтынушыға табыстап та үлгеріпті. Мәселен, гүл қойғыш, үстел мен орындықтар, терезенің қорғаныс торлары – қазір нарықта ерекше сұранысқа ие заттар. Ол мұндай дүниелерді колледждегі және тағылымдамадағы ұстаздарының көмегімен әлденеше рет жасап, машықтанған. Бүгінде оқу бітірген соң мамандығымен кәсіп етуді ойлап жүр.

«Қазір 3-курста оқимын. Диплом алатын сәт жақын. Осы оқу орнында оқып жүріп, не түйдім, не үйрендім және оны қалай кәдеге асырамын деп ойлаймын. Осы кезге дейін бұл өнерді пайдаланып, жасаған дүниелерімді табыс табу мақсатында сатып та көрдім. Менің қолымнан келетініне көзім жетті. Алдағы уақытта осы істің қыр-сырына қанығып, мұнан да зор туындыларды өмірге әкелетініме сенемін», – дейді Әділет.

Бүгінде колледжде көптеген жас өзінің жарқын болашағына қанат қағуда. Олардың ойы ұшқыр, қиялы жүйрік. Ерекше дизайнмен жасағанды және сапалы бұйым шығарғанды құп көреді. Оқу орнының ұжымы бұл ретте табандылық танытқан таланттарды түлетіп, өмірден өз орнын табуға бейімдеп келеді.

«Әріптесім Гүлшырай Аяпова екеуіміз дайындаған шәкіртім қатысып, марапат мінберіне көтерілді. Әрине, ұстаз үшін шәкіртіңнің шыңға шыққаны маңызды. Олар қазір маманданып, қолдан түрлі бұйымдар істеп жүр. Темірдің ерекшелігі қалай исең, солай майысады. Одан тұрмысқа қажетті, сәндік үлгідегі көптеген тың дүниелерді шығаруға мүмкіндік мол. Шәкіртеріміздің көзі толық жеткен. Алдағы уақытта да олар өздерін жақсы қырынан көрсететініне сенеміз», – дейді колледж оқытушысы Әзиз Кирданов.

Кез келген мамандықты игеріп, оны кәсіп көзіне айналдыруға болады. Бар болғаны талап пен ынта және еңбекқорлық керек. Еңбектің нанын жеген қай шәкірт болса да мамандық алдындағы жауапкершілікті ұғынары анық.

Д.ТҰРСЫНХАНҰЛЫ



«Бізге қазір технократтар керек» деген атақты академик Асқар Жұмаділдаевтың сөзі айна қатесіз келіп тұр. Жаһандық дамуға бет алу үшін бізге өнеркәсіп өндірістері басты бағытта болу керек. Оған қызығушылық байқатқан ел жастарының қатары да қалың. Топ жарып талай бәйгеде өздерінің ерекше идеяларымен көрініп келеді. Таяуда облыстық Жастар ресурстық орталығы ұйымдастырған жас дәнекерлеушілер сайысының жүлдегерлері Заріпәлі Әділет пен Денис Сергеевич осы қатарда. Олар – Смағұл Ысқақов атындағы Қызылорда құрылыс және бизнес колледжінің дәнекерлеу ісі мамандығының студенттері.

«Таяуда қала күні мерекесіне орай «Qosyl» қалалық Жастар ресурстық орталығы тапсырысымен «Ай-Қанат» жастар қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен жастар арасында кәсіптік-техникалық мамандықтарды насихаттау мақсатында «Жас электриктер», «Жас дәнекерлеушілер», «Жас аспазшылар», «Жас автоэлектриктер», «Жас автомеханиктер» байқауы өтті. Осы байқауға көптеген мамандар қатысып, бақ сынады. Біз ең жасы болдық», – дейді Әділет Тұрсынәліұлы.

Әділет – Жаңақорған ауданына қарасты Келінтөбе ауылының тумасы. Кішкентайынан көкесіне еліктеп, дәнекерлеуші болуды ойлаған. Осы кезге дейін бірқатар туындыларды

Кез келген істі бастарда кідіріссіз кірісу керек-ақ. Әйтпегенде істің өніп, жетістікке жетуі екіталай. Өзгенің түртпектегені алға ұмтылуға түрткі болады деу қате ой. Ынтасы жоқ жанның біреудің ырқына көніп, шыңға шығуы да тым сирек. Сондықтан ұмтылыстың ұсақталмағаны ләзім. Бүгінде мотивациялық және психологиялық кітаптар басым. Әйткені сұраныс жоғары, оқылым көп. Осылайша жастар бақыт пен байлыққа бастар жолды білмек ниетте. Көптің пайымдауынша, жігерді жасытпай, жалқаулықтан арылуға осы мазмұндағы кітаптар сеп екен. Авторлар да өмірлік тәжірибесі мен түйгенін тізіп, үстін-үстін кітап жазуға әуес. Бірақ бұл әркімге әртүрлі әсер етеді.

## СІЗДІ НЕ ЫНТАЛАНДЫРАДЫ?

Қазіргі таңда жастар кәсіп игеруде беделді бизнес-мендердің бағытын негізге алады. Керек кеңесін түртіп алып, қажетіне жаратуға әзір. Ал ақпарат көзіне сүйенсек, танымал туындылар тізімі төмендегідей:

**Стивен Р. Кови**  
«Жоғары нәтижелі адамдар жеті білімі» . Бұл кітап ғаламдық бестселлер және мотивация бойынша ең жақсы кітаптардың бірі болып табылады. Онда автор табыстың маңызды компоненттері туралы айтады. Ол жағдайға қарамастан, қадағалануға тиіс бірнеше мінез-құлық қағидаларын ұсынады. Стивен Р. Ковейдің жеті дағдысы адамға жетістікке жету жолында тәртіпті сақтауға көмектесуге арналған.

**Наполеон Хилл**  
«Ойлан және бай» . Бұл – кітап мотиваторлық кітаптардың бірі. Онда автор әртүрлі миллионерлермен сөйлескеннен кейін жасаған тұжырымдары туралы әңгімелейді. Наполеон Хилл адамға жетістікке

жетуге немесе сәтсіздікке әкелетін адамның ойына назар аударады. Сондай-ақ автор адам ойында шекара жоқ, ынта болса, адам өзі ойлаған нәрсеге қол жеткізе алады деген дүние айтылған.

**Норман Винсент Пиал** «Позитивті ойлаудың күші». Мазасыздық және қайғырмау – күлімсіреп, проблеманы шешуге кірісу. Алға қадам жасау қиын болуы мүмкін, бірақ бұл жақсы өмірге әкелетін жолдың басталуын білдіреді.

**Роберт Ти Кийосаки**  
Sharon L. Lecter «Сіздің бизнесіңіз басталар алдында». Адамның салада қабілеті мен тәжірибесі болмаса бизнес бастау өте қиын. Сондықтан автор кәсіптің көзін тауып, табысты дамуы үшін қалай бастау керек және қандай жоспарды жүзеге асыру қажеттігі туралы ұсыныстар береді.

**Майкл Элльсберг**  
«Дипломы жоқ миллионер. Дәстүрлі білімсіз қалай табысқа жетуге болады?» Майкл Элльсберг өзінің дәстүрлі жоғары біліміне неге сенбейтінін түсіндіреді. Бай адамдардың өмір жолын талдауға негізделген, ол проблемаларды шешудің дәстүрлі емес тәсілінің маңызы туралы

қорытындыға келеді. Мұндай тәсіл қарапайым жоғары білімі бар адамдарға тән емес, олар өздері үйренген жолды ұстануға тырысады. Қоғамға және жалпы қабылданған стандарттарға шақыру – табысқа және байлыққа әкелетін жол.

Түйіндей келе, сізге үлгі болатын кім, жігер беретін не? Өлде көш ілгері жүру үшін өз-өзіңізді тәрбиелейсіз бе, оқырман?!

Замира ҚОНЫСЖАН



ТЕМІРДЕН ТАЛАЙ ТАҢҒАЖАЙЫП ШЫҒАДЫ



– Алдымен қызметтік, кәсіби жолыңыз туралы айтып өтсеңіз.

– Нағыз ұстаз болу екінің бірін қолынан келе бермейтіні шындық. Ұстаз жолы қиындық пен қызығы қатар жүретін мамандықтың төресі десем, қателеспеймін. Ұлағатты мамандықтың ыстығына күйіп, суығына тоңып еңбек еткен азаматтар нағыз бақытты жандар екені сөзсіз. Мен де аталған салаға имене басып, жауапкершілігін сезіндім. 2011 жылы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетіне оқуға түсіп, «Дене шынықтыру және спорт пәнінің мұғалімі» мамандығы бойынша тәмамдағанмын.

– Ұлттық мұраға құрметпен қарайтын, зияткерлік тұрғыда бәсекеге қабілетті өрендерді қалыптастырып, балалар мен жасөспірімдерді дене шынықтыруға тәрбиелеу.

Білім мекемелері жаңа оқу жылының алдында өткенін сараптап, алдағы кезеңге жоспар жасайды. Біздің орталық та 2023-2028 жылдарға арналған стратегиялық жоспарын жасады.

Осыған орай тәрбиелік бағыттағы шаралар айқын-



далды.  
– Ғылыми жетістік пен тәжірибе алмасу бағытта көрсеткіш қай деңгейде?

– Білім беру деңгейі – экономикалық және ғылыми техникалық прогрестің бастау көзі. Сол себепті соңғы жылдары білім саласындағы реформаларды игеру ең оңтайлы шешім болмақ. Бастамашыл мекеме ретінде тәжірибе алмасуды жұмыс жүйесіне енгізу, нақты нәтижеге жету жоспарын құру негізге алынған.

– Оқушыға сапалы білім берудің белгілі бір алгоритмі бар ма?

– Нақтылап айтатын болсам, қоғамды дамыту білім, ғылымның құзырында. Сонымен қатар әр кезеңнің күн тәртібінде өзекті мәселелер, тіпті қай кезеңде болса да өзектілігін жоймайтын мәселелер бар. Қазіргі таңда түйтіктер қатарында рухани жаңғыру, қоғамдық сананы өзгерту, цифрландыру секілді мәселелер орын алып отыр. Сондықтан осы бағыттарға басымдық бере отырып, инновациялық әдістерді дер кезінде енгізіп отыру басты талап.

– Алдағы жоспармен бөліссеңіз...

– Жоспар өте көп. Басты мақсат – теориялық білімді тәжірибемен ұштастыру, еңбекке баулу, экологиялық мәселелерді шешуге ықпал ету. Бұл оқушылардың мамандық таңдауына да әсер етеді. Экожүйе арқылы оқушылар табиғи, сапалы өнім алу үшін топырақтың құнарлығын, су құрамын, табиғат бедерін зерттейді. Оны ғылыми жобаға айналдырып, проблемалық мәселелерді шешу жолын ұсынады.

– Өңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан  
Е.ЯКУДАЕВ

Ұстазға шәкірт танымын ашып, талғамын қалыптастыру оңай іс емес. Сондықтан жан-жақты даму, білім-білігінді жетілдіру жүйелі жүруге тиіс. Сыр өңірінде де білім беру саласында өзіндік қолтаңба қалыптастырып, ізденіс арқылы көпке танылған педагог жетерлік. Соның бірі – Фархат Досаев. Жуырда білікті маманмен сұхбаттасып, салаға қатысты ой-пікірін білген едік.

Білім саласы салғырттықты көтермейді

Еңбек жолымды 2008 жылы Қызылорда қаласындағы №3 гимназияда дене шынықтыру пәнінің мұғалімі болып бастадым. Сонымен қатар 2014 жылдан осы жылдың тамыз айына дейін №144 Сақтапберген Әлжіков атындағы орта мектебі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметін абыроймен атқардым.

– Білім беру саласында ұзақ жыл тәжірибе жинадыңыз. Бүгінде аталған салада ең басты жаңалық ретінде қай өзгерісті атар едіңіз?

– Еңбек жолымдағы 15 жыл үлкен тәжірибе және өмір мектебі десем болады. Байқағаным, тәрбиенің тамыры ұлттық негізде екен. Сондықтан министрлік тарапынан қолға алынған отансүйгіштік бағытындағы бағдарламалар – тың өзгеріс. Мәселен, «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» оқу-тәрбие бағытының тәрбиелік әлеуетін дамытуға бағытталған басты жаңалық деп ойлаймын.

– Білуімізше, қазіргі таңда қосымша білім беру орталығында еңбек етесіз. Оқу орталығы қашан құрылды? Негізгі бағыты қандай?

– Облыс әкімінің бастамасымен білім алушылардың патриоттық, азаматтық, жоғары моральдық сезімін қалыптастыру және жасөспірімдер арасындағы бұқаралық спортты дамыту жобалары жүзеге асуда. Осыған орай облыстық білім басқармасы шілде айынан бастап «Тәрбие, спорт және қосымша білім беру» орталығын ашты. Мекеменің негізгі мақсаты

Мектептегі орын тапшылығы мәселесі 2026 жылға қарай шешіледі, алайда 2037 жылдан кейін тапшылық қайта басталады. Өйткені оқушы саны ұлғаяды. Қоғамдық саясат институтының сарапшылары осындай болжам жасады.

Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, 2023-2024 оқу жылы ел мектептерінде 3,9 миллион оқушы білім алады. Ал 2026 жылдың 1 қаңтарына қарай студенттер саны 400 мыңға артып, 4,3 миллион адамға жетеді деп күтілуде. Туу көрсеткіші өскен сайын мектептегі орындар саны да көбейіп отыру керек. Мәселен, соңғы бес жылда Қазақстанда 2,8 миллион бала дүниеге келген. Ал 2020 жылдан бастап бірінші сыныпқа баратындардың жалпы саны 1,5 миллион адамды құраған.

Мектептегі тапшылық қазірдің өзінде 270 мың орынды құрайды. Туу деңгейінің өсу динамикасын ескерсек, алдағы үш жылда кемінде 670 мың жаңа орын пайдалануға берілуі тиіс. Апатты мектептер санының 37-ден 55-ке дейін ұлғаюы, үш ауысымда оқитын мектептер санының 143-тен 138-ге дейін баяу қысқаруы бұл мәселені күрделендіре түспек. Ал 132 мың орындық 154 жаңа мектептің пайдалануға берілуі осы оқу жылындағы орын тапшылығын түбегейлі шеше алмасы анық. Мектептерді пайдалануға берудің мұндай қарқыны мен көлемі орын тапшылығының 48,8 пайызын ғана өтей алады.

Үкімет жоспары бойынша бұл мәселе 2025 жылы «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы негізінде шешім табады деп күтілуде. 2024-2026 жылдарға арналған республикалық бюджет жобасында оны жүзеге асыруға 1,4 трлн теңге көлемінде қаражат



қарастырылған. Бұл қаражатқа шамамен 369 мектептің құрылысы жүргізіледі. Жоспарға сәйкес 2024 жылы 158 мектеп салынса, 2025 жылы 152 мектептің құрылысы аяқталады. Сонымен бірге қосымша 2 мектеп сатып алу жоспарда бар. Бұл шаралар негізінде 800 мыңнан астам оқушы екі ауысыммен оқитын болады.

Сондай-ақ білім инфрақұрылымын қолдау қоры жемқор шенеуніктерден тәркіленген қаражат есебінен 76,7 мың оқушыға арналған 2 ауысымдық 62 мектеп салады. Бұл тапшылықты жоюға көмек.

Жалпы, «Жайлы мектеп» жобасы мен Президенттің Сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру негізінде, Жол картасы аясында Үкімет 2026 жылға дейін 1,5 миллион орынды қамтитын жаңа мектептер ашуды көздеп отыр. Бұл ортақ трансферт есебінен, бюджеттік инвестициялық жоба, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік, білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының қаражаты есебінен және жекеменшік мектептерге мемлекеттік тапсырыстар беру және басқа да тетіктер арқылы жүзеге асады. 2026 жылға дейін салынатын бұл мектептер 2030 жылға дейін елімізді жыл сайын 160 мың жаңа орынмен қамтамасыз ете алады.

Алайда ұзақ мерзімді демографиялық болжамды ескерсек, жаппай мектеп салу мәселесі 2037 жылдан кейін тағы басталады. Яғни ол уақытқа дейін мектеп оқушылары контингенті қайта жанданып, 2050 жылға қарай жалпы саны 6,5 миллион оқушыға жетпек.

Б.ШАҒЫРОВ

## БОЙДА ЖІГЕР БАРДА, ЖЕҢІС ӘРҚАШАН ҚОЛДА

Алтай мен Атырау арасындағы алып даланың түкпір-түкпірінен келген таланттардың жеңіске деген ұмтылысы шексіз. Бір-бірін басып озып, заңғар көкке қанат қағып барады. Маңдайдан шып-шып аққан терде есеп жоқ. Өйткені үміттің үкілеген қара орман елдің алдындағы перзенттік парыз бар. Бұл ой қазалылық жас Самат Болатұлын әрбір сайыс төріне шыққанда толғандырады. Кеудесіндегі буырқанған қазақы мінез оны қай сәтте де жеңіске жетелейді. Табандылық танытып, өзінің белесін бағындырып жүрген жас бүгінде Тасарықтағы білім ошағында ұстаздық етіп жүр. Бұрынғы өзі шыққан мінберлерге шәкірттерін жетелеп, қанатын қатайтуда.



Сөзімде тұрдым. Қазір өзімнің шынашақтай сәтімнен білім алып, өскен ортамда мұғаліммін. Шәкірттерімді де, өзімді де шыңдап келемін. Білім беру саласына баса мән берілген, өзің балаларды оқытып жүріп, оқисың. Балаларды тәрбиелеп жүріп, тәрбие аласың. Өйткені заман көші көз ілеспес жылдамдықпен кетіп барады, ал біз ілесуіміз керек», – дейді Самат Жарболов жұмысын таныстырып жатып.

Самат білім ошағында ұстаздық ете бастағанда-ақ ұжымның арасында белсенділігін байқатты. Аудандық, облыстық, республикалық жарыстарға қатысып, жүлделі орындарды қанжығасына байлап жүрді. Сонымен бірге «Жігіт сұлтаны», «Алтын күз» сынды байқауларға қатысып, жүлделі орындар иеленді. Қазақ күресі аясында оқушыларды жаттықтырып, жарыстарға қатыстырып, жүлделі орындарға қол жеткізген

олардың жеңіске деген ұмтылысы артады. Алдағы уақытта да біз шәкірттерді шыңға бағыттау жолында жемісті еңбегімізді жалғай түспекпіз. Ал бойда жігер барда, жеңіс әрқашан қолда екенін ұмытпауымыз керек», – дейді спортшы ұстаз.

Таудай талап пен бармақтай бағы үндесіп, кемел келешекке жол тартқан әрбір шәкірттің өмірлік ұстазы болады. Жеңіске қарай жол сілтеп жүрген Самат та көп шәкіртке осындай тұлға. Өне, ол спорт залына бет алды. Мұнда оны тағатсыздана тосып тұрған шәкірттері бар. «Өмір сүрудің мәні – біреуге керек екенінді сезіну. Мәселен, отбасыңнан асып, қоғамның да қажетіне жарап, керек екенінді сезіндірсен, сен – өмірден өз орнында тапқан адамсың» дейді Самат Болатұлы. Бәрекелді дестік!

Аян СПАНДИЯР





## БАЛЫҚШЫЛАРҒА ҚҰРМЕТ

Арал ауданындағы «Балықшылар аллеясында» Қызылорда облысының 85 жылдығы, Арал ауданының 95 жылдығына орай «Балықшылар слеті» өтті. Слет барысында аралдық кәсіпкерлердің жұмысы таныстырылып, балықшылардың өмірін бейнелеген картина ұсынылды. Слет «Балықтар базинасы» атты театрландырылған қойылыммен бастау алып, балық шаруашылығы саласының үздіктері мен ардагерлері марапатталды.

Осы орайда ісінің қарқынды дамуына үлес қосып жүрген мамандарға Экология және табиғи ресурстар министрлігінің «Балық шаруашылығы саласында еңбек сіңірген қызметкер», «Балық шаруашылығы саласына мінсіз қызметі үшін» төсбелгілері, «Құрмет грамотасы» және «Арал өңірі балықшыларының VII слетінің» арнайы номинациялары мен «Арал ауданының құрметті азаматы» атағы табысталды. Слеттің ашылу салтанатында облыс әкімінің орынбасары Серік Қожаниязов, Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Балық шаруашылығы комитеті төрағасының орынбасары Алмас Асылбеков қатысты.

– «Қасиетті Сыр елі – Сыр салысы, төрт

түлік малы-мен қатар балығымен де аты шыққан берекелі, құтты мекен. Бүгінгі күні теңізді өлкеңіз ата кәсібі – балық шаруашылығының мәні мен маңызы кеміген жоқ. Бұған дәлел, дәстүрлі түрде өтетін «Балықшылар слеті». Мақсат – балық шаруашылығымен айналысатын азаматтардың еңбегін бағалап, лайықты дәрежеде құрмет көрсету. Соңғы уақытта бұл сала ерекше қарқынмен дамуда. Өздеріңізге мәлім, Балық шаруашылығын дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған өңірлік

бағдарламасы бекітілді. Аталған бағдарлама аясында өңірде ауқымды істер атқарылуда. Бүгінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес, республикалық бюджеттен қаржы бөлініп, тиісті деңгейде жұмыстар жүргізіліп келеді. Президент Тәжікстанда «Халықаралық Аралды құтқару қорының» құрылтайшы мемлекеттері басшылары кеңесінде Аралдың қазіргі тағдырын талқыға салды. Алдағы 3 жылда «Халықаралық Аралды құтқару қоры» мемлекет басқаруына өтіп, теңіз мәселесінің шешілуіне жаңа серпін беретінін атап өтті. Бұл мемлекет басшысының Сыр еліне, Арал өңіріне деген қолдауы ерекше екенін білдіреді. Өткен жылы облыс әкімі Нұрлыбек Машбекұлының қолдауымен бастау алып, биыл екінші кезеңі жүргізіліп, абаттандырылған «Балықшылар аллеясы» барша балықшылар қауымына деген құрмет пен ілтипат», – деді облыс әкімінің орынбасары Серік Қожаниязов.

Шара соңында ауданның талантты өнерпаздары ән мен жырдан тамаша тарту жасап, көрермендерге мерекелік көңіл-күй сыйлады.

Қайта жаңғыртылған «Балықшылар аллеясында» биыл жаяу жүргіншілер жолы мен түнгі жарық шамдар қойылып, шамшырақ және шаңырақ іспетті арнайы арка орнатылды.

Мөлдір САБЫРЖАН

## ЖАЛАҒАШ: ЖҮРГЕНОВ ЖҮРГЕН ЖОЛ ДӘРІПТЕЛДІ

Жазықсыз жаланың құрбаны болып өткен ердің аты өшпейді, жер бетінде қазақ халқы тұрғанда оның ісі жалғаса береді.

Т.Жүргеновтің есімі. Артына өшпес із, мол мұра қалдырған жанның ерлігі мен еңбегін жарыса айтуда. Ауқымды шараның аясы кең. «Тәуелсіздік

таланттылар тартысында қызылордалық Мақсат Дауылбай, Ұлытау облысынан келген Дәуренбек Бұланбаев, Алматы облысынан келген Нұрлыбек Саматұлы жыр бәйгесінен жүлделі III орын иеленді. Жалағаш ауданының жас ақыны Жасұлан Серік жүлделі II орынға лайық деп танылды. Павлодар облысынан келген Нарқұлан Райханұлы I орынды еншілесі, Сыр өңірінің азулы ақыны Дүйсенбек Аяшұлына бас жүлде бұйырды. Елена Әбдіхалық Темірбек Жүргенов атындағы арнайы жүлдеге ие болды. Қатысушыларға арнайы диплом мен қаржылай сыйлық табысталды.

Сонымен қатар қазақ күресінен түйе палуандар арасында турнир өтті. Тартысты белдесу мен қызу бәсекеде Сыр өңірінен бөлек Түркістан, Жамбыл облысы және Шымкент, Тараз қаласынан барлығы 20 спортшы қатысты. Шын жүйріктің жығылмайтыны, мықтының осал болмайтыны белгілі. Белі

бүгілмеген палуандар білек күшінің барын дәлелдеді. Нәтижесінде Жамбыл облысынан келген Ерсұлтан Мұзаппаров жүлделі III орынды қанжығысына байлады. Дүбірлі додада түркістандық Марат Байкамуров II орынға тұрақтаса, Қызылорда облысының намысын қорғаған Еламан Ерғали I орынды иеленді. Жеңіс тұғырынан көрінген палуандарға сыйақы берілді.

Бірлік пен бейбіт өмірдің бастауында тұрған асыл азаматтарды ел ардақтайды. Тезірек көрсете алған бетінен қайтпаған Темірбек Жүргеновтың есімі әрқаз халық жадында. Тек танымы терең тұлғаларды ұлықтау ұмыт болмай, рухани шаралар жалғасын таба берсін!

Нәзік АХМЕТ

Жасын ғұмырында жарқын істің жетекшісі болған Темірбек Жүргенов Жалағаштың тумасы. Өнер саласына өлшеусіз үлес қосып, ұлттың ұйысуына ықпал етті. Жала мен жазаның қыл көпірінде де мақсат-мұратынан бас тартпаған өр тұлға. Қысқасы, қайраткердің қайсарлығы қалың қазақты сүйсінткені рас. Елім деген ердің өткен еңбегін тізбектесек те таусылмас. Биыл Темірбек Жүргеновтің туғанына – 125 жыл. Осы ретте қайраткердің кіндік қаны тамған қасиетті мекенде саябақ ашылды. Алаш ардақтысына халық құрметінің шексіз екендігін жолсапарда тағы бір мәрте байқадық.

Мүмкіндікті пайдаланып, Темірбек Жүргенов есімін ұлықтауға өзіндік үлес қосып келе жатқан «Темірбек Жүргенов» қоғамдық қорының төрағасы Сәби Аңсаттың, Жүргеновтанушы ғалым Бауыржан Иманғалиевтің және басқа да азаматтардың еңбегін атап өткіз келеді. Бүгінгі салтанатты жиынға келген қонақтарға қадамдарыңыз құтты болсын дей отырып, салтанатты шараға сәттілік тілеймін, – деді Мейрамбек Зинабдинұлы. Жиылған жұрттың аузында

жалауегі – Жүргенов» атты республикалық мүшәйра да өткізілді. Ақындар айбынды азаматтың бүтін болмысын сүбелі сөзбен безбендеп, жырға қосты. Қазылар алқасының құрамында жазушы, публицист Бейбіт Қойшыбаев, ақын, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Қаршыға Есімсейітова, ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Қуат Ахетов болды. Темірбек Қараұлының өмір жолын өлеңге түсірген



Саябақтың ашылу рәсіміне облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Зинабдинұлы қатысып, ұлы тұлғаны ұрпаққа үлгі ету жолында айтулы шараның өтуіне атсалысқан азаматтарды облыс әкімінің алғыс хатымен марапаттады. – Темірбек Жүргенов бүкіл түркі әлеміне ортақ тұлға. Жүрегі елім деп соққан,

Көгілдір экраннан көрсетілетін түрлі тележобаның өз көрермені бар. Көптің көңілінен шыққан татымды хабардың тарихы да терең болатыны сөзсіз. Таланттың тауы шағылмай, өнері өрге жүзуін тілейтін «Таңшолпан» телевизиялық байқауы соның дәлелі. Сыңғыр үн мен қоңыр дауыс иелері сынға түсіп, әлемді әнге бөлейтін қабілетін көрсетеді. Көрерменнің құрметі мен қошеметіне ие болған талай таланттың тыңдарманы да көп. Яғни, байқаудан бағы ашылғандар үлкен сахнада өнер көрсетіп жүр.

Биыл Қызылорда телеарнасының тел жобасы «Таңшолпан» жасөспірімдердің облыстық эстрадалық телебайқауына – 30 жыл. Осыған орай облыс орталығында гала концерт ұйымдастырылды. Халық көкейі талғампаз екенін ескерсек, көптің құлақ құрышын қандырған өнерпаздар әуезді әнін орындады. Өр жылдары жеңіс тұғырынан көрінген байқау жеңімпаздары өнерін паш



етті. «Таңшолпанның» түлектері Бибігүл Жанұзақ, Гүлнұр Оразымбетова, Тахауи Рахметов, Гүлхан Сіргебаева, Алмас Кішкенбаев, Ербол Шарипов, Нұрболат Сейітмұратов, Руслан Садықов әннен шашу шашты. Сондай-ақ жастарға арналған жарқын бастаманың басы-қасында жүріп, күні-түні тынымсыз еңбек етіп, жүйелі жүзеге асуына мұрындық болған азаматтарға құрмет көрсетілді. Жанбай жатып өшетін жобалар жоқ емес. Ал «Таңшолпанның» өміршеңдігі қанша жасты өнерімен өрге сүйреді.

Бұл – отыз жылдық олжа, ерен еңбектің жемісі.

Замира ДАСТАНҚЫЗЫ

## «ТАҢШОЛПАНЫҢ» ОТЫЗ ЖЫЛДЫҚ ОЛЖАСЫ



**Соңы. Басы өткен санда.**

Ғайша бейшара күйде еді. Ақ орамалға бір, Талғатқа бір қарап Соняны ертіп кете берді. Салы суға кетіп полицияға жүгінді. Қызының жоғалғанын айтып арыз жазды, жылады. Арызын қабылдаған жігіт «Енді үйіңізге барыңыз. Іздеу жариялау үшін тағы бір күн тосу керек. Сол кезде келмесе, біз жұмысқа кірісеміз» деп шығарып салды.

Бірақ Ғалия сол күйі келмеді. Ол жоғалғалы 23 жыл өтті. Туысқандары не өлі, не тірісінен бейхабар. Ғайша қызын іздеуге барын салды. Бар малын саудалап жүріп жеке тергеушілерді де жалдады. Бақсы-балгер дегендерді де аралады. Телеарналардағы «Бармысың бауырым», «Іздеймін» деген хабарларға бірнеше рет шықты. Тіпті, Мәскеудегі «Жди меня» хабарына да шықты. Бірақ Ғалия табылмады. Бақсы-балгерлердің бәрі дерлік «Қызың тірі, оралады» деді. Ал, тергеушілер Шәкен деген дөкейге тіреліп қалды. Солардың айтуымен Шәкеннің үстінен арыз жазып, сотқа жолдады. Істі қараған сот «Мұнда дәлел болатын дерек жоқ» деп арызды кері қайтарды.

Бизнесмен, меценат, миллионер Шәкеннің соңына өзі түсіп, ақыры өзімен де сөйлесті. Сақал-мұрты қап-қара, бірақ төбесінде қылтанақ жоқ, еңгезердей Шәкен Тоқанұлы Ғайшаны кабинетіне кіргізіп, арыз-мұңын асықпай тыңдады. Ғайша әкелген суреттерді де сазарып отырып қарап шықты.

— Алай, сіз кешіріңіз, бірақ мен сіздің қызыңызды мүлдем танымаймын. Істі маған әкеп тіреп қойған тергеушілер менің атыма кір жаққысы кеп жүргендер деп білемін. Алдағы сайлауда депутат болсам деп ниеттеніп отырмын. Сондықтан менде уақыт аз. Қызыңызды тауып алуға тілектеспін. Қолымнан келетіні сізге қаржылай көмек беру. Айтыңызшы, сізге қанша ақша керек? — деп Ғайшаға тіке қарады.

Жанары өткір екен. Тіпті тесіп түсердей. Ғайша абдырап барып, әрең есін жиідеді.

— Мен сенен ақша сұрап келіп отырғаным жоқ! Қызымды сұрап келіп отырмын. Ақша маған бала болмайды. Баламды қайтар, оңбаған! — деп ақырып, ойындағы күдігін ақтарып, бас-көз демей төпелей жөнелді.

Дәудің оққағарлары да әккі екен. Қолы тиер-тиместен Ғайшаны тік көтеріп, кабинеттен шығарып тастады. Ал Шәкен Тоқанұлы «ар-намысымды былғады, балағаттады», өзіме қол жұмсады деп Ғайшаның үстінен сотқа арыз түсірді. Бұл тек ескерту, енді мұндай жағдай қайталанса, қатаң жаза сұраймын депті арызында. Осылайша Ғайшаның тілі байланып, қолы қысқарды.

\*\*\*

Бүгінде Ғайша қалада тұрады. «Балалардан бөлінбейік» деген күйеуінің ақылы. Ауылдағы мал түгесілді. Жырмыштап жиып жүріп күйеуі екеуі басқа балаларын да оқытып, үйлі қылды. Немере сүйді. Обалы не керек, бала-шағадан қызық көрер шақта күйеуі жаман аурудан қайтыс болды. Оған да міне 2 жылға жуықтапты. Сабырлы, біртоға адам еді жарықтық. Ғалияның жоғалғанын, Ғайшаның қайғырғанын жүрекке түсірді деді үлкендер.

Ал соңғы жиырма жылда 40 жылға қартайған Ғайша Ғалиядан әлі де үміт үзбеген. Үлкен ұлы қызына Ғалия деп ат қойғанда бұлқан-талқан ашуланып еді. Бірақ үлкендер сабырға шақырып, ақылға жеңдірді. Сол Ғалия бүгінде бауырында. Аялап жатып ұйықтап, айналып жатып оянады. Былдыр-былдыр тілі шығып келеді. Жұмыс деп жүріп, тіршілік деп жүріп үлкен Ғалияның қылығына мән де бермеген екен. Ол да осындай тәтті болды-ау деп ойлап қояды қарт ана.

\*\*\*

Таяуда теледидар көріп отырып Ауғанстаннан «елге қайтсақ» деп жатқан қазақтардың жан айқайын құлағы шалып қалды. «Мына жақта соғыс тоқтамай жатыр. Бізге жәрдем беріндер» деп зарлап отырған ананың қасындағы оранып алған қыздарға көзі түсіп, есі ауып қалғандай болды. Немересіне ғаламтордан әлгі бейнені таптырып, қайта-қайта қарады. «Иә, бұл Ғалия. Дәл өзі. Мынау нақ соның көзі» деп күбірлей берді, күбірлей берді.

Ауғанстаннан елге оралғандар тізімі газетке жарияланды. 50-ге жуық адамның ішінде 20 жылдан аса із-түсіз кеткендер тізімінде жүрген Ғалия Ж. деген азаматтың есімі бар деп тілші сүйінші сұрапты. «Бұл күнді көрсеткеніңе шүкір.

Саған талай тіл тигізіп едім, мен бейбақты кеше гөр, Құдайым!» деп іштей күбірлей берді. Иә, ана жүрегі жаңылмаған екен. Үміті алдамаған екен. Тілшімен тілдескен Ғалия бастан кешкенін, көрген сұмдығы туралы да айтыпты. Ғайшаның түсінгені қызы алдымен Түркияда болған. Кейін Сирияда, Иранда одан кейін Ауғанстаннан бірақ шыққан екен. Қазақстанға 10-ға толған Ғайша атты қызымен келіпті.

«Бүгінгі Қазақстан» газеті көлемді етіп жазылған «Ғалияның ғазалы» атты материалымен талай адамды жылатты.

болған арманым алыстап бара жатқандай... Таңдайым кеуіп тағы су құйып іштім. Сап-салқын су сергіткендей болады. Бірақ бір дел-сал күй кешіп, көзімді әрең ашамын. Сөйтсем маған су деп ұсынғандары у екен. Қалай ұйықтап кеткенім есімде жоқ.

Есімді көлікте жидым. Қасымда Шәкен аға отыр. Тағы бір сақалы қауғадай еркек алдыңғы орынға жайғасқан. Маған қарап көзін жымымдатып қояды. Денем түршігіп кетті.

— Ғалия, бұл Умар деген азамат. Сені Түркияда оқытады. Мен бәрін келісіп қойдым. Жатын

Көлікті тоқтатыңыз! Осы жерден түсіп қалам. Денем сынып барады. — дегенімді ешкім тыңдамады да.

— Сен әлі маған рахмет айтатын боласың, Ғалия. Әлі-ақ елге оралып, үлкен қызмет атқарасың. Бастысы, қазір тәуекелге бел бу. Жемісін кейін көресің, — деп аузы аузына жұқпайды.

Мең-зең күйде көз жұмдым. Ар жағы өң мен түстің арасындай болды. Өзім жүре алмайтындықтан мені қолтықтап әкеп шағын ұшаққа Умар мырза мінгізді.

Қанша уақыт өткенін білмеймін, есімді тар бөлмеде жидым. Қапырық, Шөлдеп жатырмын. Су ішпек болып қармансам, қолымда кісен сылдырлайды. Аяғыма да салыныпты. Шаруамның біткенін сонда бірақ білдім. Оқимын деген

Көз жасымды көлдетіп, шындап өлмекке әрекет жасадым. Буынбақ та болдым, тамырларымды тістеп аршып тастамақ та болдым, бірақ күзетшілер кіріп келеді де, төсекке таңып байлап тастайды. Сөйтсем мені камерадан бақылап отырады екен ғой.

Күндердің бір күнінде Осан атты жас жігітпен «некелестім». Өжеттеуір түрікше үйрендім. Осанға бар мұң-зарымды айттым. Мені талақ етіп тастамауын өтіндім. «Саған адал жар боламын» деп ант-су іштім. Жас жігіт көнді. Бірде ол сапарға шығатын болып, мені өзімен бірге әлгі камалдан алып шықты. Барған жеріміз Сүрия деген ел екен. Күнде соғыс, күнде қантөгіс. Мен бұрынғыдай «тұтқын» емеспін. Бірақ мынадай майданнан гөрі бейбіт күннің тұтқыны болғаным дұрыс еді деп ойлап қоямын. Себебі күнделікті бір танысымыз, кейде тіпті бірнеше адам қайтыс болды деп естиміз. Алладан Осанның амындығын тілеп жүрдім. Бірақ бір күні ол да қайтыс болды. Мен қара жамылып қала бердім. Ақсақ-тоқсақ, бала-шағадан құралған біздің ауыл бір күні Иранға көшеміз деді.

Иранның Қазақстанға жақын екенін мектептен білуші едім. Көшкенше асықтым. Жаяу жалпы көштік. Бастапқыда күніне 15-20 шақырым жүруші ек. Кейін 5-10 шақырымды ғана бағындыратын болдық. Тоқтаған елді мекендерде жан бағу үшін жалданып еңбек еттік. Өйтеуір 3-4 жылдай жүріп Иранның шекарасына да жеттік. Құжаты жоқтарды бөліп алып, пойызбен жөнелтті. Ауғанмен шектесетін жағына жеткізген екен. Осы жерден ұлтымызға қарай қыстақтарға бөлді. Мен секілді жастау келген 4-5 келіншекті жатақхана секілді ғимаратқа жайғастырды. Әбден тынығып, өз-өзімізге келген соң бұйырған жұмыстарды істеп жүрдік. Тұмшаланып кінеміз. Үй тазалығы, аула тазалығы, кір жууға жауаптымыз. Бірде түн ортасында жатақханада тұрып жатқан 5 келіншекті бір қауға сақал көлігінің артына тиел алып кетті. Ауған содырларына сатылып кеткенімізді кейін бірақ білдік қой... Сөйтіп, елге оралам деген арманым тағы алыстап қала берді. Ауған жерінде күнде жарылыс, мылтықтың дауысы үйреншікті құбылыс секілді. Ешкім елендемейді. Жер асты жолдары арқылы байланысқан үйлердің арасында «серуендеп» жүргенің. Бізді әскерилер лагеріне әкеп тастады. Мұнда да әйелдің жұмысы көп екен. Тамақ жасап, үй тазалап жүрдік. Әскер бастығы — қожайынымыз, айтқаны — заң. Өйтеуір, шықпа жаным шықпамен жан бақтық. Күндердің күнінде өзбек келіншекпен таныстым. Соның айтуы бойынша, қазақтарды таптым. Ерсін атты әскери жігітпен танысып, некелестім. Ол мені шешесінің қолына қалдырып, өзі әскер ісімен кетті. Содан қайтып ораламады. Ал біз айдаладағы бір қыстақта қала бердік. Ұзамай босандым. Қызыма ойымнан бір сәт шықпайтын шешемнің есімін беріп «Ғайша» деп атадым. Қызым 6-ға толғанда қалаға көштік. Жан нәсіп қылып, тамағымызды тауып жеуге ұмтылдық. Аядай бөлмені жалға алып, жағдайымыз жақсарып, енді құжаттарымыз реттемек боп жүргенде тағы соғыс басталды. Бас сауғалап жүрген өзбек, түрік ағайындармен кездесіп қалдық. Олар арнайы бейне түсіріп жан-жаққа таратты. Тұңғыш болып тіл қатқан өзіміздің қазақтар болды. Өкпеге қиса да бірін бірі өлімге қимайтын қарақөздерімді қатты сағындым. Әке-шешемді, бауырларымыз қатты сағындым» деп жылапты Ғалия.

Көз жасына ерік берген қарттың «Ғайша газалың» толық оқуға шамасы келмеді. Көз алды тұманданып, басы айналып, кәлімасын қайталай берді. Ұзамай полиция бөлімінен хабарласып, ертең қызымен кездесуге апаратынын айтты. Ел өлдіге санаған, 23 жыл бойы іздеген қызын ертең көретініне сенер-сенбесін білмей дал болған ана Құдайға сыйынып, шүкір айтты. Тезіррек таң атуын тіледі. Бұйырса, енді әулетте екі Ғайша, екі Ғалия бар. Өшкенің жанып, өлгенің тірілді деген осы шығар.

\*\*\*

Ауған жерінен келген қазақтар тізімі жария болған соң бір апта өтер-өтелестен биік лауазымда отырған Шәкен Тоқанұлы өз-өзіне қол жұмсапты деген хабар гу ете қалды. Алмаған атағы жоқ, бағындырмаған қызметі жоқ азаматты жер қойнына тапсырған жұрт жыламапты да дейді көргендер...

**Данияр БОЛЫСБЕКҰЛЫ**



# Үміт

«Шетелде оқу бала күні арманым еді. Заңды оқып, елге келіп сот болсам дейтінмін. Бірақ арманым орға жықты. Сыртта оқығысы келетін жастарға Шәкен деген азамат көмектеседі дегенді естіп, сол кісімен жолықтым. Көзі өңменімнен өтетін, шомбал келген жігіт ағасымен жарты сағатқа жуық сұхбаттастым. Мен туралы, армандарым туралы әңгіме соңында әлгі кісі қамқорлық таныта сөйлеп: «Айналайын, саған арнайы емтихан тапсыру керек. Сондағы жинаған баллыңа қарай шетте оқу-оқымауың белгілі болады. Ертең емтихан тапсыруға бөленбай деген мекен жайға кел. Өзіңмен бірге барлық құжаттарыңды әкел» деп шығарып салды.

Үйге келе сала сабақтарымды пысықтап, емтиханға дайындалдым. Емтиханнан өтіп алмайынша ешкімге тіс жармаймын, бұл менің ата-анам тосынсыз болсын деп шештім.

Айтылған мекен-жай — қала сыртындағы аумағы атшаптырым коттедж. Қоғамдық көлік бармайтындықтан 3-4 аялдамай жерді жаяу жүріп, айтылған уақыттан кешігіңкіреп жеттім. Есік алдында күзет қызметі бар екен. Мен туралы іштегілерге телефон арқылы айтып еді, есік ашылды. Өмірімде мұндай әдемі ауланы, әдемі үйді көрмеген едім. Аңтарылып, жан-жағыма алақ-жұлақ қарап, өзін емтихан қабылдаушымын деген келіншектің артынан ілесіп келем. Үйдегі кітапхана бөлмесіне енгенде алдымнан Шәкен аға шықты.

— Аманбысың, Ғалия?! Біз кеше қай уақытқа келісіп едік? Неге кешігіп жүрміз? Өлден осындай болса, шетте оқығанда қайтпексің? Қазақтар уақыттың қадірін білмейді. Ал, шетелдіктер үшін әр секунд санаулы. Ұқтың ба? Жылдам мына үстелге жайғас та, емтихан тапсыруға дайындал, — деп зеки сөйледі.

Кешігіп, кінәлі болғандықтан мінгірлей амандасып, аға көрсеткен үстелге жайғастым. Емтихан қабылдайтын келіншек беттерін ашып оқи бастадым. Бұрын-соңды оқымаған пәндер, бейтаныс сұрақтар. Тынысым тарылып, басым айналғандай болды. Шетелде оқымақ

\*\*\*

арманым өліп қалмасам екен деген тілекке ұласты. Некемізді бір сығыр молда қиып, Умар мырза мені әйел қып алды. Қарсыласпақ болғанымды ешкім тыңдамады. 1-2 күн «күйеуімнің» қасында болып, тыңайып қалғандай едім. «Мен алысқа іс-сапарға кетіп барам. Өзірге осында бол, келген соң оқуыңды реттейміз» деп Умар мырза түрікше-орысша араластырып түсіндірді. Үміт оты жылт етті.

Сығыр молда мені бұрынғы жатағымға апарып тастады. Тұрып жатқанымыз айдаладағы арманым тағы қамалдың іші секілді. Ештеңе айырып болмайсың. Күн шығады, түн батады. Айына 1-2 рет айдауыл Умар мырзаның жатын бөлмесіне ертіп апарды. Өркениет деген тек сол бөлмеде секілді. Оқуым туралы айта бастасам, қожайыным қабағын

орның, тамағың, тіпті оқу орныңа дейін келісілді. Еш алаңдамай, біліміңді ал. Ата-анаң мен бауырыңа жағдайды өзім түсіндіріп айтамын. Бастысы — Умар мырзаның айтқанын екі етпе.

— Біз қайда барамыз? Шәкен аға, мен ешқайда барғым келмейді.

\*\*\*

түйіп, сес көрсетеді. Болмаған соң соққыға жықты. Осылай жылдан аса уақыт өтіп кетті. Ол жақта қар жаумайды екен. Ешкіммен сөйлесуге рұқсат жоқ. Сондықтан нақты қанша уақыт өткенін айырып болмайсың. Бір күні «күйеуім» сығыр молданы шақырып, мені «талақ» етті. Бұған дейін көргенім әншейін бер жағы екен. Енді сығыр молда мені күнде біреумен некелестіреді. Күнде біреу маған талақ айтады. Талай рет өз-өзіме қол жұмсауды ойладым. Бірақ одан түк шықпады. Бірде қатты ауырдым. Басым зеңіп, жүрегім айнып, ішім ауырды. Қамалдың бір тар бөлмесінде дәрігер бар екен. 3-4 күннен бері бүк түсіп, қан түкіріп жатқан мені соған жеткізді. Дәрігер түрлі ем-дом жасады. Дәрі егіп, тамырыма ине салды. Содан ұзамай түсік тастадым. Сөйтсем ішімде 3 айлық бала болған екен.

\*\*\*

\*\*\*



Қытайдың Ханчжоу қаласында өтіп жатқан XIX Жазғы Азия ойындарында жерлесіміз Мағжан Шамшадин дзюдодан қола жүлдегер атанды. Халықаралық дәрежедегі спорт шебері бұған дейін «GRAND SLAM» халықаралық турнирінің және Әлем Кубогының жеңімпазы атанған болатын. Енді, міне, Азия ойындарында жүлдеге ілікті. Мерейлі сәтте спортшымен байланысып, жарыс жайы мен алдағы жоспары туралы пікірін білген едік.



– Мағжан, Азия ойындарында тартысты бәсеке көрсеткеніңізді байқадық. Сыр елі үміт артып, жанкүйер болды. Нәтиже де жаман емес. Қола – қоржында. Сіздің көзіңізбен қарағанда, жарыс қалай өтті? Бас жүлде еншілеуге не кедергі болды деп ойлайсыз?

– Алтыннан үмітті болғанмыз рас. Еңбек пен тапшылыққа сенім арттық. Бұйырғаны қола болды. Ең басты кедергі – додағы қателік. Болмашы кідіріс немесе қимыл күтпеген нәтижеге әкелуі ықтимал. Себебі, дзюдо кемшілікті кешірмейді. Менің де техникалық қателігім болды. Белдесу барысында 1-2 секунд тоқтап қалдым. Қарсылас ұтымды сәтті пайдаланып, жерге жықты. Салдарынан алтын қолдан кетті. Дегенмен жеңісті күн елі алда.

– Үшінші орын үшін тартыста тәжікстандық Мерзод Суфиевпен

# ЖЕҢІСТІ КҮН ӘЛ АЛДА

**бақ сынастыңыз. Жүлдеге ілігуіңізге де сеп болған осы кездесудегі жеңіс екені сөзсіз. Бұл спортшымен бұрын белдесіп көрдіңіз бе? Мерзод қандай қарсылас бола алды?**

– Мерзод Суфиевпен бірнеше рет кездестім. Мәселен, жақында өткен «GRAND SLAM» турнирінде қарсыласым болды. Ол кезде басым түскен едім, бұл жолы да есе жібермедім. Әрине, бұл қарсылас осал деген сөз емес. Мерзод та бос жатпағанын көрсетті. Қимылы ширақ, ұмтылысы орнықты. Тек тәжірибе жетіспеген секілді.

Белдесуде өзімді сенімді ұстап, жеңіске жететініме нандым. Себебі, сенім – шешуші құрал. Халықаралық жарыстарда байқағаным, физикалық жаттығумен қатар психологиялық дайындықтың маңызы жоғары. Жарыс қорытындысына дайын болу, қарсыластың мысын басу, қобалжуды азайту үшін психологиялық дайындық керек. Мен де өзіме сенімді болдым. Нәтижесінде жеңісті қолдан бермей, III орынға тұрақтадым.

– Өзіңіз айтып өткендей, жақында турнир жеңімпазы атандыңыз. Кезекті доданың арасында 3-4 ай ғана уақыт өтті. Бұл уақыт спортшы үшін аздық етпей ме? Өткен жолғы жарыстан соң қайта қалыпқа келіп үлгердіңіз бе?

– Әрине, қалыпқа келдім. Ұзақ жыл тәжірибеден соң бой үйренген. Күнделікті дайындық, белдесу. Мұның бәрі жарыстан жарақатсыз, шаршамай шығуға сеп. Дзюдо спортында жарыс пен дайындықтың айырмасы шамалы екенін ескерсек, додаға қалыптасқанбыз. Сондықтан болар, жарыстан кейін көп үзіліс болмайды. Мысалы, жылына 2 айға жуық ғана үйде боламыз. Қалған уақыт жаттығу мен жарысқа тиесілі.

– Шетелде белдесудің жауапкершілігі мен әсері қандай?

– Әрбір жарыс жауапкершілік жүктейді. Ал халықаралық додада ел байрағын көтеру, халық беделін асыру мүлде бөлек сезім. Дегенмен, осы реттегі маңызды ұстанымды жеткізім келеді. Жауапкершілікті шектен тыс сезіну немесе «қайтсем де еліме «алтын» апарамын» деген қатып қалған қағида дұрыс емес. Көп спортшының психологиялық дайындығына кедергі келтіретін де осы. Себебі, тек жеңісті ойлап, кедергі мен тәуекелді есептей алмаған спортшы тиімді шешім қабылдамайды. Соңында опық жейді. Жарыста сезім емес, салқынқандылық жеңіс әкелетінін ұмытпаған жөн. Бұл сезім ел намысын ойламау керек дегенді білдірмейді. Керісінше, аталған ұстаным жеңіске жетелейді.

– Туған жеріңіз – Сыр өңірінде сізді үлгі тұтып, дзюдомен айналысуға ниет білдірген жас қатары артуда. Осы орайда спорт жолына енді қадам басқан жас өренге қандай кеңес берер едіңіз?

– Адам жан қалауымен өмір сүруі тиіс. Біреуге еліктеу немесе басқаның жетістігі сенің де сол жолға түсуің керек дегенді білдірмейді. Сондықтан спортқа қадам басқан жас өрен алдымен өзіне есеп беруі шарт. «Маған осы спорт түрі ұнай ма?», «Болашағымды қалай байланыстырамын?» деген сұраққа жауап табу орынды. Сонда ғана нәтиже болады.


Әрине, еңбек пен жүйелі ізденіс – кез келген спорттың іргетасы. Онсыз жеңіске жету мүмкін емес. Қажетті спорт түрін таңдаған соң ұстаздың айтқанын орындап, тұрақты дайындық жасау қажет. Бұдан басқа жеңіс жолын көрмедім.

– Алдағы жоспарыңыз қандай? Сізді қай жарыстан көруіміз мүмкін?

– Келесі айда Сочи қаласында жиын өтеді. Сол жақта ресейлік әріптестермен дайындыққа кірісеміз. Жыл соңына дейін Абу-Даби, Токио қалаларында «GRAND SLAM» турнирі өтеді. Сол жарыстарда ел намысын қорғауды жоспарлап отырмыз.

– Әңгімеңізге рақмет!

## Әлем чемпионаты мәреге жетті



**Тұңғыш рет оқушылар арасында (U-15, U-17) тоғызқұмалақтан өткен әлем чемпионатының төрт күндік сайыс қорытындысында «рапид» және «блиц» бойынша ең мықтылар анықталды. Нәтижесінде Қазақстан командасы сегіз алтын медальмен жалпыкомандалық есепте бірінші орынға ие болды.**

Оқушылар арасындағы әлем біріншілігіне 17 елден 200-ден астам спортшы қатысты: Чехия, Моңғолия, Түркия, Бангладеш, Испания, Колумбия, Пәкістан, Венгрия, Өзбекстан және т.б. Жарыстың жалпы жүлде қоры – 8 миллион теңге.

Әлем чемпионатында «рапид» бойынша жеңімпаз болғандар: U-15: Ұлдар арасында Махмұтжан Өзімхан (Қазақстан), Лес Зауытбек (Қазақстан), Нурел Султашев (Қырғызстан), Орландо Гвидо Вергель Бенитес (Колумбия). Қыздар арасында Айдана Молдабек (Қазақстан); Бахиана Тургуналиева (Қырғызстан), Еркежан Асанқұлова (Қазақстан), Мадина Есқайыр (Қазақстан).

Айта кетсек, «Блиц» бойынша жеңімпаз болғандардың барлығы Қазақстан оқушылары:

U-15: Сапар Тамерлан, Есентай Арсен, Лес Зауытбек, Махмұтжан Өзімхан. Қыздардан Виктория Белицкая, Альбина Есмұхан, Назира Қуатжанқызы, Жанель Құрманғалиева алдыңғы шепте.

U-17: Әділет Бекмахан, Айдын Жакиев, Қайрат Тұрарбек, Салахаддин Агитаев алда. Қыздар арасында Самира Оразмұханбет, Аяна Исахан, Айым Өлібекқызы, Ақжібек Манарбекқызы жүлделі болды.

## Жеңімпаз анықталды



**Алматыда 3x3 баскетболдан халықаралық «Almaty Quest» турнирі өз мәресіне жетті. Екі күнге жалғасқан бәсекеде Ресейден келген «Руна» командасының бағы жанды. Олар бас жүлде үшін өткен ойында қатарлық «Al Shama» командасымен шеберлік байқасып, турнир жеңімпазы атанды.**

Ал қола жүлде үшін өткен кездесуде Беларусь баскетболшылары мықтылық танытты. «Минск» командасы еліміздің «IMS Astana» ұжымын тізе бүктіріп, халықаралық турнирдің қола жүлдесін қанжығасына байлады.

Турнирдің марапаттау рәсіміне ФИБА 3x3 басқарушы директоры Алекс Санчез қатысып, жарыстың жоғары деңгейде өткенін атап өтті. Айта кетейік, 3x3 баскетболынан «Almaty Quest» халықаралық турниріне еліміздің алты командасы мен алыс-жақын шетелден келген 10 клубы өнер көрсетті. Жарыс жеңімпазы атанған ресейлік «Руна» командасы «Chengdu Masters» әлемдік турының жолдамасына ие болды.

## Республикалық турнир өтті



**Дзюдо күресінен Қармақшы ауданында 2010-2011, 2011-2012, 2013-2014 жылы туған кіші жасөспірімдер арасында «Жалын» спорт клубы және «Достық Жер МК» ЖШС-нің жүлдесіне арналған III республикалық турнир өтті.**

Негізгі мақсаты – жастарға отансүйгіштік және патриоттық тәрбие беру. Жарыста күреспен айналысатын 600-ге жуық спортшы бағын сынады.

Аудан намысын қорғап, 52 келі салмақ дәрежесінде II орын алған Дарина Нұрболқызы көптің қошеметін иеленді.

Дені сау ұрпақ ұлт келешегі екенін ескерсек, осындай шаралар жасөспірімдердің кәсіби деңгейін, күреске деген қызығушылығын арттыра түспек.

# «БАЛА БАРЫСЫ»: САҢЛАҚТАР БАҚ СЫНАДЫ

**Қызылордада аймақтың 85 жылдығы және қала күні мерекесі аясында «Бала барысы» байрақты бәсекесі дәстүрлі жалғасын тапты. Облыс аумағынан 34 жасөспірім қатысқан жас балуандар додасының ашылуына қала әкімінің орынбасары Дархан Тұрсынбаев арнайы қатысып, палуандарға сәттілік тіледі.**

«Сайыпқыран ерлердің лайықты ізбасарлары сіздер барда қазақ күресінің келешегі кемел, болашағы жарқын боларына сенемін. Алдағы уақытта «Бала барысы» турнирінде айрықша күш-жігерімен танылған жас балуандар көптеген дүбірлі додаларда Алашқа олжа салады деп ойлаймын», – деді қала әкімінің орынбасары.

Қалалық ашық біріншіліктің баса назар аударатын бір ерекшелігі, палуандардың әрбір қимылы жоғары технологиялы VAR жүйесі арқылы бақыланды.

Ашық біріншілік ютуб арнасында тікелей эфирден көрсетіледі. 8 командаға бөлінген ұландардың салмағы 55 келіден басталады.

Екінші рет Сыр өңірінде жалауы көтерілген сайыс

жеңімпаздарына алтын белбеу мен тайтұяқ табысталып, республикалық бәсекеге жолдама алады.

– «Облыста қазақ күресімен айналысатын балалардың үлесі өте жоғары. Сол балаларды ынталандыру мақсатында жігерін жану, олардың қызығушылығын арттыру және ішіндегі үздіктерін анықтап, болашақта «Қазақстан барысы» турниріне қатысатындай жасөспірімдердің ішінде іріктеу есебінде өткізіп жатырмыз», – деді қалалық мәдениет және спорт бөлімінің басшысы Жағыпар Тажмаханов.

Жарыстың нәтижесінде «Бахадүр» лақап атымен қатысқан қызылордалық Болатбек Абылайхан «Көрермен көзайымы» атанды. Ал III орын мен 50 мың теңге «Сыр Қажымұқаны» лақап атын иеленген

жаңақорғандық Байзақ Қажымұқанға бұйырды. Ақтық сында қарсыласына есе жіберген «Баймолда ұрпағы» лақап атымен белгілі Баймолда Исламбек II орын мен 100 мың теңгені және «Күміс белбеуді» қанағат тұтты.

I орын 200 мың теңге және «Алтын белбеуді» қармақшылық «Семетей жалын» – Әлихан Әлиасқаров жеңіп алып, арнайы жасалған ауыспалы «Тайтұяқты» қанжығасына байлады. Осылайша, Әлихан Әлиасқаров екі дүркін «Бала барысы» атанды.

– «Жарыс жоғары деңгейде өтті. Әрбір қатысушы үлкен дайындықпен келгені байқалды. Мен де бағымды сынап, бәсекеге қосылдым. Нәтижесінде II орын бұйырды. Ұйымдастырушыларға алғысым шексіз, – дейді Исламбек Баймолда.







**«Саусағы ұзын биші болады» дейді. Дегенмен, би өнерінің биігін бағындыру үшін мұның өзі жеткіліксіз. Өрленген әуеннің әуесінде бимен бейне салатын – нағыз өнерпаздар. Мамандыққа деген махаббатын би алаңындағы төгілген терінен аңғаруға болады. Қуатты қажет етсе де, еркіндік беретін өнердің ерекшелігі көп-ақ. Қызылордалық жас Абзал Ержанұлы да талғам пен таным түйсетін саланы таңдаған. Тіпті өзінің шәкірттері де бар. Бұл туралы сұхбатта баяндады.**

## ЕР ЖІГІТТІҢ БИЛЕГЕНІ ЕРСІ ЕМЕС

– Биге бейім екеніңізді байқадық. Бұл саланы таңдауыңызға не түрткі болды?  
– Маған әрқашан қозғалыста болған ұнайды. Би шымыр әрі ширақ болуға ықпал етеді. Дененің демалып, мидың тынығуына да сеп. Қысқасы, құбылмалы көңілді бимен бейнелеуге мүмкіндік мол. Музыка мен би – жанымның бір бөлшегі іспетті. Бала күнімнен шетел бейнебаянын көріп, биге икемделе бастадым. Уақыт өте келе мұның жай қызығушылық емес екенін түсіндім. Осылайша хореограф мамандығын таңдап, білім алудамын. Биге біліктілік керек. Бір-екі қимылды меңгергенге мәз болу тым артық. Сондықтан таңдаған салаға селқос қарамай, әркез қабілетімді дамытуды мақсат етемін.  
– Ер жігіттің билегенін ерсі көретіндер аз

емес. Қасаң көзқарасты жоюдағы ұстанымыңыз қандай?  
– Иә, мұндай сөзді жиі естимін. Бірақ айтылған пікірге аялдап, таңдағанымнан теріс айналғым келмейді. Ер жігіттің биге икемді болуы немесе онымен тұрақты түрде шұғылдануы ұят емес. Бұл бойда қайрат пен қайсарлық жоқ дегенді білдірмейді. Еңсем биік, бастысы қолымнан іс келеді. Билегенімді оғаш көретіндер «селтендеп билегенің ұят» дейді. Меніңше, жаныңа жақпайтын, көңіліңнен шықпайтын мамандықты уақыт жоғалтып оқығанша, өз таңдауыңды жасаған дұрыс. Қалауыңды іске асырғанда ғана нәтижеге жетіп, арман-мақсатың орындалмақ. Сондықтан пікір-ойды жиі елемеге тырысамын. Оның үстіне би – спорттың бір түрі.

– Қазіргі таңда «Арал өнер орталығында» хореограф екенсіз. Қанша шәкіртіңіз бар және бидің қай түрін үйретесіз?

– Білгенімді өзгемен бөлісу артық етпейді. Әсіресе баланы биге баулып, жақсы нәтиже көрсетуіне себепкер болсам қуанамын. Арал қаласындағы үздік «GN» өнер орталығында жұмыс істеймін. Мұнда 5-18 жас аралығында 50 шәкіртім бар. Заманауи би түрін үйретемін. Баланың бәрі дерлік қагілез. Талпынысы пен құлшынысы арқылы жаңа қимылды әп-сәтте игереді. Кейде икемі келмей жатса жіті түсіндіруге тырысамын. Өйткені әр баланың өз дарыны бар.

Өнерлінің өрге жүзетіні ақиқат. Шәкірттерім бірнеше байқауда бақ сынап, жүлде мен жеңісті еншілеуде. Демек еңбегімнің текке кетпегені, босқа тер төкпегенім. Түркістан, Қызылорда, Астана, Алматы, Шымкент және Ақтау қаласында өткен би жарысынан үздік нәтиже көрсетіп жүр. Бұл – зор қуаныш.

– Би – сан қилы дене қимылынан тұрады. Басқа бишіден дара болу мақсатында алдымен нені ескересіз?

– Тобымның әр қимылын қатаң қадағалаймын. Музыканың мәнеріне сай қозғалуын, ырғақты сезінуін және биге берілуін назарда ұстаймын. Себебі, құр қозғалыс көрнекі шықпайды. Әуеннің әсерін сезінгенде ғана биде үйлесім болады. Сәтті шығуына да сол себеп.

Сонымен қатар топтың ауызбіршілігіне мән беремін. Олардың тартысып-таласқаны емес, бір-бірін түсінуі маңызды. Яғни, би уақытында музыкаға да һәм жанындағы серігіне де ілесуі оңай болмақ. Бір сөзбен айтқанда «Бәріміз біріміз үшін, біріміз бәріміз үшін» деген ұстаным ғой. Сонда ғана жетер жетістігіміз көп, шығар шыңымыз биік болмақ.

– Жастар кемел келешегі үшін табысы мол мамандықты таңдайды. Қосымша кәсіптің де ебін табуда. Қалай ойлайсыз, хореограф мамандығы өмірлік азық бола ма?

– Хореография – көптің таңдауы түсетін мамандық. Өнердің өлмейтіні де көпке мәлім. Егер адам табанды әрі еңбекқор болса жерде қалмайды. Ісіңе ынтамен кіріскенде несібені де табу қиынға соқпас.

Әңгімелескен  
Замира ҚОНЫСЖАН



**Биыл тарихы өсиетті, қойнауы қасиетті Қызылорда облысының құрылғанына – 85 жыл.**

**Мерейлі мерейтой аясында облыстық «Жастар ресурстық орталығының» ұйымдастыруымен «Orda келбеті» облыстық байқауы өтпек. Байқау аймақтың әлеуметтік-экономикалық, рухани және мәдени дамуы мен шежірелі тарихы туралы жастардың креативті идеяларын насихаттауға бағытталады. Қатысушылардың ұсынған шығармалық жұмыстары 20 қыркүйек пен 10 қазан аралығында қабылданады.**

– «ORDA» келбеті байқауы – кез келген тұрғынның креативті идеясын тарқату алаңы. Сонымен қатар бұл байқаудың бір ерекшелігі, тек жастар ғана емес, облыстың кез келген тұрғыны қатыса алады, – деді облыстық «Жастар ресурстық орталығының» директоры Талғат Оспанұлы.

Сайыс «Үздік бейнематериал», «Үздік фото», «Үздік пост» номинациялары бойынша өтеді. Әрбір номинацияға сәйкес I, II, III орын үздіктері анықталады. I орынға «Apple iPhone 14 Pro», II орынға «Apple iPhone 13», III орынға «Apple iPhone 12» табысталады. Байқау нәтижесін облыстық «Жастар ресурстық орталығының» жанынан құрылған жұмысшы топ анықтайды. Тарқата кетсек, «Үздік фото» номинациясы бойынша қатысатын қатысушылар облыс тарихының өткені мен бүгінін және келешегін сипаттайтын сапалы 3 фотоны әлеуметтік желілерге жүктеуі тиіс. Ал «Үздік пост» бағыты бойынша облыс тарихын және соңғы жылдардағы жетістігін сипаттай отырып, фейсбук желісіндегі парақшада арнайы хэштегтер арқылы пост жариялау қажет. Пост екі тілде де қабылданады. Сондай-ақ әрбір ұсынған материалдарда облыстың 85 жылдығына арналған логотип қойылуы шарт. Жеңімпаздар әлеуметтік желідегі аудиториясының белсенділігі арқылы таңдалмақ.

# ОРДА КЕЛБЕТІ: БАЙҚАУҒА ҚАТЫСЫП, ІРНОНЕ ҰТЫШ АМ!

**Жасанды интеллекттің дамыған шағында технологиялық жетістік көп. Қолданыста жүрген ұялы телефон, үйдегі кір жуғыш машина, теледидар және тағы да сол сияқты техникалар өмірді жеңілдетті. Қазір тіпті басқарушысыз көлік сұранысқа ие болып жатыр...**

Бұл көлік автоматты түрде такси режимінде межелеген жерге жеткізеді. Шетелде қолданысқа енген технология жақында Қазақстанға да келмек. Бұл туралы жақында «Яндекс» компаниясының басшысы Аркадий Волож хабарлады. Алдағы уақытта бастама сәтімен жүзеге асса, мыңға жуық пилотсыз көлік өндіріледі. Олар «Toyota», «Uber» және «Dense» маркаларымен жарыққа шығады. «Ақылды көліктер» бірнеше рет тест драйвтан өткен.

Жоғары технологиялы темір тұлпардың «жауапкершілігі» зор. Оның көмегімен жол жүру ережелері қатаң сақталып, құқық



## ПИЛОТСЫЗ ТАКСИ ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ

бұзушылық саны кему түседі. Қозғалыс жылдамдығы белгіленген мөлшерден

аспайды, әрі ол егде жастағы кісілер мен мүмкіндігі шектеулі жандарға қолайлы.

Бірақ ескеретін тұс бар. Көліктің пульті – жасанды интеллектте. Таксист, жүргізушілерді ығыстыруы мүмкін технология экологияға оңтайлы өзгеріс әкелсе, бір жағынан жұмысшы күштің қолын байлайды. Цифрлы өлемде қатер туғызуы мүмкін жайт жеткілікті. Көліктің басқаруын да робот алатын болса, уайымға себеп бар.

Бұған дейін әлемге әйгілі IT кеңесші Ричард Сасскинд «Мамандықтар болашағы» атты кітабында «Жаңа мамандықтар пайда болуы мүмкін» деп дабыл қаққан еді. Ричард Сасскинд бұл еңбегінде, біріншіден, жаңа технологиялар дәстүрлі жұмыс түрін жеңілдетуі мүмкін деген пікір білдірген. Екіншіден, технология кез келген саладағы проблеманы шешудің тиімді тәсіліне айналатындықтан, қызметкердің жұмысынан айырылу қаупі барын көрсеткен. Болжам шындыққа айнала ма?

Нұршат НЫШАНОВА

## ЖҰЛДЫЗ ЖОРАМАЛ

(28 қыркүйек – 4 қазан)

орындалады, жағымды жаңалықтар, достарыңыз бен туыстарыңызбен кездесу күтіп тұр.

**Мерген**  
Аптаның ортасында ерекше тосын сыйдың иесі атанасыз. Мазалаған қаражат мәселесі шешілмек.

**Тауешкі**  
Көкіректіктен құтылуға тырысыңыз. Басында бәрі жақсы болғанмен, кез келген сәтте бұл мінез кері әсерін тигізуі мүмкін.

**Сұқұйғыш**  
Жақындарыңыздан көңіліңіз қалатын сәттер болуы мүмкін. Мойымаңыз, дұрыс шешім қабылдай білген жөн.

**Балық**  
Көптен көрмеген достарыңызбен ойда жоқта кездесіп қалуыңыз мүмкін. Сағындырған ескі таныстарыңыз көңіліңізді «көктем» етері сөзсіз.

**Тоқты**  
Өзге адамдардың ұсынысы мен бастамасы сіз үшін пайдалы болуы мүмкін. Жақындарыңызбен жылы қарым-қатынас орнатыңыз.

**Арыстан**  
Жұмысыңызда елеулі өзгеріс болып, шеніңіз өсуі мүмкін. Қолға алған кез келген жобада олжалы болуыңыз ықтимал.

**Бикеш**  
Барынша сабыр сақтап, айналаңыздағы адамдармен тіл табысыңыз. Ұжымыңызда қиын әрі жауапты істі сізге тапсыруы мүмкін.

**Таразы**  
Денсаулығыңызға жіті мән бергеніңіз абзал. Сүйіктіңізге сыйлық сыйлап, жылы лебіңізді білдіріп тұруды ұмытпаңыз.

**Сарышаян**  
Жан-жақтан келіп түскен ұсыныстарды жіті ойланып, дұрыс шешім қабылдағаныңыз абзал.

**Торпақ**  
Қаржылық жағдайыңызды жақсарту үшін қолдан келгенше аянып қалмаңыз. Шектен тыс сабырсыздық сізге пайда әкелмейді.

**Егіз**  
Бойыңыздағы зор энергия бұған дейінгі үлкен жоспардың орындалуына ықпалын тигізеді. Маңызды шаруалардың бел ортасында жүресіз.

**Шаян**  
Жоспарыңыз бақылаудан шығып, орындалуы сәл кешеуілдеуі мүмкін. Бірақ уайымдамаңыз, барлығы

Кезекші редактор: М. КЕНЖЕҒҰЛОВА

## АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

### Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**БАС ДИРЕКТОР**  
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қабылдау бөлмесі:  
Тел/факс: 40-11-10

**БАС РЕДАКТОР**  
Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А  
e-mail: aqmeshit\_zhastary.kz@mail.ru  
Instagram: @aqmeshiit\_zhastary / сайт: aqmeshit\_zhastary.kz

Таралымы: 6682  
Тапсырыс: 1533